



**ГРАНИ МЕЖДУНАРОДНОГО
СОТРУДНИЧЕСТВА**



...2 стр.

**ҰСТАЗДЫҚТЫҢ ЖАҢА БЕЙНЕСІ:
тәжірибе, технология, даму**



...3-бет

«ЕЛІМНІҢ РӘМІЗДЕРІ - ЕЛДІГІМНІҢ БЕЛГІСІ»

Күнделікті өмірде көк байрақты көріп, Елтаңбаны ресми құжаттардан байқап, Әнұранды мерекелік шараларда тыңдаймыз. Бірақ біз мемлекеттік рәміздердің мәні мен тарихын қаншалықты білеміз? Осы сұраққа жауап іздеу мақсатында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Елімнің рәміздері - елдігімнің белгісі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жиын ашық пікір алмасу форматында ұйымдастырылып, жастардың мемлекеттік рәміздерге қатысты көзқарастары мен ұсыныстарын талқылауға арналды.

Дөңгелек үстелде мемлекеттік рәміздердің қалыптасу тарихы, олардың тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы маңызы, ұлттық бірегейлікті нығайтудағы орны туралы пікірлер айтылды. Қатысушылар рәміздерді құрметтеу - заң талаптарын орындау ғана емес, елге деген сүйіспеншілік пен азаматтық жауапкершіліктің көрінісі екенін атап өтті. Сонымен қатар рәміздерді қорлау заңнамаға сәйкес құқық бұзушылық болып саналатынын айтып, мұндай әрекеттер үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделгенін түсіндірді.

Кездесу барысында студенттер рәміздердің қоғамдағы орны, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы рөлі және оларды насихаттаудың заманауи тәсілдері жөнінде пікір алмасты. Шара соңында қатысушылар мемлекеттік рәміздерге деген құрмет - Отанға деген құрметтің көрінісі деген ортақ пікірге келді.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



ГРАНИ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА

Можно ли найти тюркские мотивы в сказках Пушкина? Как современные цифровые технологии меняют преподавание языков? И способен ли искусственный интеллект стать помощником учителя литературы? Эти и многие другие вопросы стали предметом обсуждения на международном научном форуме, который в начале мая прошел в Западно-Казахстанском университете имени Махамбета Утемисова.

Гостями университета стали ученые из Санкт-Петербурга — доктор филологических наук, профессор, ректор Международного гуманитарного университета им. П.П. Семёнова – Тянь-Шанского Марина Пименова и кандидат филологических наук, доцент, проректор Анна Родичева. В ходе встречи с ректором ЗКУ имени М. Утемисова, профессором Нурланом Сергалиевым, стороны обсудили перспективы дальнейшего научного и образовательного сотрудничества.

Главными событиями визита стали LIV Международная весенняя научная школа «Методика преподавания языков и концептуальные исследования» и Международная научно-практическая конференция «Современный преподаватель языка и литературы: технологии, инструменты, решения». Мероприятия прошли в рамках Международного фестиваля науки «Новые грани реальности и основы мироосознания в когнитивном наследии поколений» и объединили более 70 преподавателей, исследователей и практикующих педагогов.

В течение нескольких дней участники обсуждали

актуальные проблемы филологии и образования, обменялись опытом и знакомыми с результатами современных исследований. Особый интерес вызвали выступления профессора Марины Пименовой, посвященные фольклорным концептам, культурным связям народов и отражению исторической памяти в языке. Доцент Анна Родичева представила современные подходы к развитию речевых компетенций и эффективные методики обучения иностранным языкам.

Казахстанскую научную школу достойно представили преподаватели ЗКУ имени Махамбета Утемисова. В своих выступлениях они затронули вопросы национально-культурной специфики языковой картины мира, подготовки будущих педагогов, использования цифровых платформ в образовательном процессе и внедрения технологий искусственного интеллекта в обучение.

Завершающим аккордом форума стала Международная научно-практическая конференция, где были представлены научные и методические разработки, ориентированные на современные запросы образования.



Спектр обсуждаемых тем – от традиционных филологических исследований до инновационных педагогических технологий – показал, насколько динамично развивается гуманитарная наука сегодня.

Итогом работы стало укрепление профессиональных связей между учеными Казахстана и России. Подобные встречи создают пространство для новых совместных проектов, научного поиска и обмена опытом.

Форум в Уральске еще раз подтвердил: наука развивается там, где есть открытый диалог, сотрудничество и стремление к новым знаниям. А значит, впереди участники ждут новые исследования, открытия и совместные инициативы.

Карлыга УТЕГЕНОВА,
кандидат педагогических наук,
доцент ОП «Подготовка учителей
по языкам и литературе»

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕҢІСІ - УНИВЕРСИТЕТ МЕРЕЙІ



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Республикалық Студенттік спорт лигасында үздік нәтиже көрсеткен студенттермен университет ректорының салтанатты кездесуі өтті. Кездесу барысында университет басшылығы студенттердің спорт саласындағы жетістіктерін жоғары бағалап, олардың табандылығы мен жеңіске деген ұмтылысын ерекше атап өтті. Өз кезегінде студенттер жарыс барысында жинақтаған тәжірибелерімен бөлісіп, алдағы мақсаттары мен жоспарларын таныстырды.

Алматы қаласында өткен Республикалық Студенттік спорт лигасында Батыс Қазақстан университетінің студенттері жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтқанда, шахмат жарысында Сабина Кішібай I орынға ие болса, Айша Тұрсынова II орынды жеңіп алды. Сонымен қатар Әмір Асылбеков волейболдан «Үздік

қорғаушы» атанды. Жарыс жеңімпаздарын дайындап, олардың жоғары нәтиже көрсетуіне үлес қосқан ардагер жаттықтырушы Сатыбалды Шамранұлы Бекбаев университеттің арнайы Алғыс хатымен марапатталды.

Кездесу барысында университет ректоры жастардың жетістігі - оқу орнының ғана емес, тұтас өңірдің мерейі екенін атап өтті.

«Сіздердің әрбір жеңістеріңіз - табанды еңбектің, мақсатқа деген адалдықтың және университет намысын жоғары деңгейде қорғаудың жарқын көрінісі. Біз студенттердің жан-жақты дамуына әрдайым қолдау көрсетеміз. Алдағы уақытта да білім мен спортты қатар алып жүріп, жаңа белестерді бағындыра беретіндеріңізге сенімдімін», - деді ректор.

Кездесу соңында студенттердің спорттық бастамаларын қолдау және олардың кәсіби әрі тұлғалық дамуына жағдай жасау университеттің басым бағыттарының бірі екені атап өтілді. Мұндай кездесулер жастардың жаңа жетістіктерге ұмтылуына серпін беріп, олардың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік жасайды. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жеңімпаз студенттерді шын жүректен құттықтап, алдағы жарыстарда да толағай табыстар тілейді.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ҰСТАЗДЫҚТЫҢ ЖАҢА БЕЙНЕСІ: тәжірибе, технология, даму

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Педагогика факультетінің ұйымдастыруымен «Түлек - табысты ұстаз: тәжірибе мен даму жолы» атты түлектер форумы өтті.



Заманауи білім беру кеңістігіндегі өзекті мәселелер талқыланды. Жиын тәжірибе мен жаңашылдықты тоғыстырған маңызды пікір алаңына айналды. Бүгінде мұғалімге қойылатын талап өзгерді. Қазіргі педагог тек

білім беріп қана қоймай, цифрлық технологияны меңгерген, оқушы психологиясын түсінетін, жаңа форматта ойлайтын және үнемі дамуға ұмтылатын маман болуы тиіс. Форум барысында дәл осы мәселелер кеңінен қозғалып, табысты түлектер өз тәжірибелерімен бөлісті. Іс-шара барысында тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Сүлейменов Мерген Қуанышұлы форум жұмысына сәттілік тілеп, университет түлектерінің қоғамдағы орны мен кәсіби жауапкершілігіне тоқталды.

Форум аясындағы баяндамалар қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі бағыттарды қамтыды. Қатысушылар педагогтің кәсіби құзыреттілігі, психологиялық қолдау, ақпараттық сауаттылық, спорт пен тәрбие, бастауыш білім берудегі инновациялық әдістер жөнінде пікір алмасты. Әсіресе, цифрлық платформаларды қолдану, интерактивті оқыту тәсілдері мен ойын технологиялары қатысушылардың қызығушылығын арттырды. Форумның ерекшелігі - ресми баяндама мен еркін пікір алмасудың қатар жүруі болды. Жас мамандар тәжірибелі түлектердің кәсіби қалыптасу жолындағы нақты мысалдарын тыңдап, еңбек нарығындағы жаңа талаптар мен ұстаз мамандығының бүгінгі келбетін тереңірек түсінуге мүмкіндік алды.

Іс-шара соңында қатысушылар №7 оқу ғимаратындағы көрмемен және материалдық-техникалық базамен танысып, панельдік талқылау алаңында өзара тәжірибе алмасты. «Түлек – табысты ұстаз: тәжірибе мен даму жолы» форумы білім беру саласындағы кәсіби байланысты нығайтып қана қоймай, жас педагогтердің жаңа идеяларға деген қызығушылығын арттырған мазмұнды кездесу болды.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

РЕСЕЙЛІК ҒАЛЫМДАРМЕН ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы - ректор Нұрлан Серғалиев Ресей ғылым академиясының Зоологиялық институтының ғалымдарымен кездесті. Делегацияны институт директорының орынбасары, палеонтолог-ғалым И.Г. Данилов (Санкт-Петербург қаласы) басқарды.



Кездесудің негізгі мақсаты - 2026 жылғы 12 мамыр мен 4 маусым аралығында Батыс Қазақстан аумағында жүргізілген бірлескен далалық палеонтологиялық зерттеулердің алдын ала қорытындыларын талқылау және алынған ғылыми материалдарды одан әрі өңдеу мәселелерін қарастыру болды.

Экспедиция «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық және палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» ғылыми бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Зерттеу

жұмыстары барысында палеоген дәуіріне жататын кен орындарынан омыртқалы жануарлардың қазба қалдықтарын іздестіру және жинақтау жұмыстары жүргізілді.

Кездесу достық әрі іскерлік жағдайда өтіп, тараптар бірлескен ғылыми зерттеулерді жалғастыру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және болашақтағы перспективалық жобаларды жүзеге асыру бағыттарын талқылады.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

БҚУ-ДА «АВТОКӨЛІКСІЗ КҮН» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Махамбет университеті көліксіз оянды. Әдетте таңғы уақытта көлік дауысына толатын университет ауласы бұл жолы мүлде басқа ырғаққа көшті. Автотұрақ босап, білім ордасын велосипед қоңырауы мен жаяу қадамдар үні басты. Бірі оқу орнына жаяу келсе, енді бірі велосипедпен жетті, ал кейбірі қоғамдық көлікті таңдады. Осы күні университет ауласында қозғалтқыш үні сиреп, оның орнын еркін әңгіме мен таза ауаның тынысы басты. Мұның барлығына Ұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық тұжырымдамасы аясында өткен «Автокөліксіз күн» акциясы себеп болды.

Таңғы уақытта университет ауласында ерекше көрініс қалыптасты. Әдеттегі көлік легінің орнын велосипед тепкен жастар мен сергек қадам басқан ұстаздар алмастырды. Акцияның тұрақты қолдаушысы Ботакөз ханым күн жылына бастаған сәттен бастап көлігін велосипедке ауыстыратынын айтады. Оның айтуынша, бұл - қоршаған ортаға жанашырлық танытудың ғана емес, денсаулықты күтудің де тиімді жолы.

Ал Мұхаммед Владимиров үшін велосипед күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған. Ол екі дөңгелекті көлікті сенімді серігіне балап, жұмысқа да, күнделікті тіршілікке де жиі пайдаланатынын жеткізді. Бұл жолы да бірнеше шақырымды артқа тастап, білім ордасына велосипедпен келді.

«Автокөліксіз күн» - тек бір күндік шара емес. Бұл - экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоғамды табиғатты аялауға үндейтін маңызды қадам. БҚУ жастары бұл бастама арқылы табиғатқа жанашырлықтың нақты үлгісін көрсетті.

AISANA: цифрлық болашаққа бастар қадам

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде жүзеге асырылып жатқан AISANA бағдарламасы студенттердің цифрлық құзыреттілігін арттыруға және жасанды интеллект технологияларын меңгеруге бағытталған маңызды білім беру бастамасына айналды.

Бағдарлама аясында білім алушылар цифрлық технологияларды белсенді игеріп, жасанды интеллект құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруда. Алған білімдері оқу үдерісінде ғана емес, түрлі жобалар мен практикалық тапсырмаларды орындауда да тиімді қолданылуда. Бұл студенттердің цифрлық сауаттылығын арттырып, заманауи технологияларға деген қызығушылығын күшейтуде.

Мәдениет және өнер факультетінің цифрлық офицері Гүлмира Амантурлинан айтқанына, бағдарламаға қатысушылар жоғары белсенділік танытып келеді. Студенттер сабақтарға қызығушылықпен қатысып, өз идеяларын ұсынып, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге ерекше ынта білдіруде. Жастар цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің болашақ мамандықтар үшін маңызын терең түсініп, кәсіби дамуға бағытталған мүмкіндіктерді тиімді пайдалануда.

Қазіргі таңда бағдарлама аясында жасанды интеллект, деректерді талдау және цифрлық сервистер бағыттарына басымдық берілуде. Сонымен қатар практикалық оқытуды дамыту, студенттердің жобалық жұмыстарын қолдау және IT саласының өкілдерімен өзара байланыс орнату маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылуда.

AISANA бағдарламасының келесі кезеңінде студенттердің теориялық білімдерін тереңдетіп, практикалық машықтарын жетілдіруге ерекше назар аударылады. Бағдарлама қатысушыларына нақты кәсіби міндеттерді шешуге, цифрлық жобалар мен инновациялық шешімдер әзірлеуге мүмкіндік беру көзделген. Бұл олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, заманауи талаптарға сай маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

AISANA – студенттердің цифрлық сауаттылығын арттырып қана қоймай, оларды жасанды интеллект дәуірінің жаңа мүмкіндіктеріне дайындайтын заманауи білім беру алаңы. Бағдарлама жастардың инновациялық ойлау қабілетін дамытып, цифрлық трансформация жағдайында табысты кәсіби қызмет атқаруына негіз қалайды.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

■ Поэзияның асқар шыңы!

АҢЫЗ ТҰЛҒА – МҰХТАР ШАХАНОВ

Кейде уақыттың өзі тоқтап қалғандай көрінеді. Халқының рухани әлеміне жарық сыйлаған, ұлттың жоғын жоқтап, мұңын мұңдаған алып тұлғалар туралы ойланғанда жүректі сағыныш кернейді. Сондай дарабоздардың бірі – Мұхтар Шаханов. Оның есімі қазақ әдебиеті мен қоғамдық ойының тарихында алтын әріптермен жазылған. Ақынның жалынды жырлары, өткір ойлары, ұлт тағдырына деген жанашырлығы халық жадында мәңгі сақталады.

Бүгін біз Мұхтар Шахановты тек ақын ретінде ғана емес, ұлт руханиятының темірқазығына айналған қайраткер ретінде еске аламыз. Оның өмір жолы – туған халқына адал қызмет етудің, шындық үшін күресудің, ұлттық құндылықтарды қорғаудың жарқын үлгісі. Мұхтар Шахановтың шығармашылығымен сусындап өскен әрбір қазақ оның өлеңдерінен өз жүрегінің үнін табады, өйткені ақын жырлары жасандылықтан ада, халықтың шынайы өмірімен астасып жатыр. Оның әрбір өлеңінен туған жерге деген сағыныш, ана тіліне деген құрмет, адамзатқа деген сүйіспеншілік сезіледі. Бала кезімнен оның шығармашылығымен танысып, жүрегімде үміт отын жандырған бір туындысы - «Жігерлендіру». Ұмытылмайтын әсер бергені рас. «*Өмірдің барлық сәтсіздіктерін, Бақытсыздық деп кім айтты саған?*» деп қаншама жастардың рухын оятып, санасындағы түпкір асыл ойларын жандандырып, жүрекке үміт сәулесін ұялатып, өмірге деген сенім сыйлады. Ең бастысы – алға ұмтылу мен қиындықтардан сүрінбеуді үйретті. Мен осыған аса құрметпен бас иемін.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы – бір-бірінен ажырамас ұғымдар. Ол қай тақырыпта жазса да, ең алдымен адамдық қасиетті биік қойды. Ар-намыс, адалдық, әділдік, ұят пен жауапкершілік секілді асыл ұғымдарды өзінің шығармаларының алтын

арқауына айналдырды. Сондықтан да оның өлеңдері бірнеше буынның рухани тәрбиешісіне айналды. Қазақ поэзиясында Мұхтар Шаханов қалыптастырған өзіндік қолтаңба бар. Оның шығармалары жай ғана көркем сөз емес, ұлттың жүрек соғысы секілді. Әсіресе «Төрт ана» өлеңі әр қазақтың жүрегінен орын тапты. Бұл шығармада туған жер, туған тіл, салт-дәстүр мен туған тарихтың қасиеті ерекше шабытпен жырланды. Ақынның осы өлеңі ұлттық рухтың мәңгілік ұранына айналды десек, артық айтқандық емес. Мұхтар Шаханов – халықтың мұңын халықтан бұрын сезіне білген тұлға. Ол қай кезде де ел тағдырына қатысты мәселелерден тыс қалған жоқ. Ұлттың болашағына қауіп төндіретін кез келген мәселеге үн қатты. Оның батылдығы мен азаматтық ұстанымы талай жанға үлгі болды. Қазақ басына ауыртпалық күн түсірген 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының ақиқатын айту жолындағы еңбегі ақынның азаматтық тұлғасын бұрынғыдан да биіктетті. Сол бір күрделі кезеңде тарихи шындықты қорғау екінің бірінің қолынан келмейтін ерлік еді. Мұхтар Шаханов сол міндетті абыроймен атқарды. Сондықтан халық оны ақын ғана емес, ұлт намысының жаршысы ретінде құрметтейді. Ақын шығармашылығының тағы бір ерекшелігі – оның терең философиялық ойлары. Ол адам өмірінің мәні, рухани құндылықтардың маңызы, өркениет пен адамгершілік арасындағы байланыс туралы толғанды. Оның пікірінше, адам рухани байлығын жоғалтса, кез келген материалдық жетістік өзінің құнын жоғалтады. Бұл ойлар бүгінгі қоғам үшін де аса маңызды. Мұхтар Шаханов шығармаларында әрине жастар мәселесі ерекше орын алады. Ол жастарға үлкен үмітпен қарады. Жас ұрпақты білімді, намысты, елін сүйетін азамат болуға шақырды. Оның жырлары жастардың жүрегіне жігер беріп, болашаққа сенім ұялатады.



Осындай ұлы тұлға туралы сөз қозғағанда, жүректі мақтанышпен қатар сағыныш сезімі де билейді, өйткені оның шығармалары мен тағылымды сөздері қазақ халқының рухани әлемінің ажырамас бөлігіне айналды. Ұлттың мұңын арқалаған, халықтың намысын қорғаған тұлғалардың орны әрқашан бөлек болады. Мұхтар Шахановтың өмір жолы бізге бір ақиқатты үйретеді: адам өзінің байлығымен емес, халқына жасаған қызметімен өлшенеді. Ол бар ғұмырын елінің рухани дамуына арнады. Оның қалдырған мұрасы – ұрпақтан ұрпаққа жететін асыл қазына. Оның жырлары халықпен бірге жасап келеді және мәңгі жасай береді. Уақыт өткен сайын оның шығармаларының қадірі артып, маңызы тереңдей түседі.

Мұхтар Шаханов – қазақ халқының рухани тарихындағы қайталанбас есім. Ол – ақын, ойшыл, қоғам қайраткері, ұлт жанашыры. Оның есімі халқымен бірге жасайды. Ал оның шығармалары болашақ ұрпаққа бағыт беретін шамшырақ болып қала береді. Ұлт руханиятының алып бәйтерегі болған Мұхтар Шахановтың өнегелі өмірі мен бай мұрасы ешқашан ұмытылмайды. Халық жүрегіне сақталған тұлғалар ғана мәңгі жасайды. Мұхтар Шаханов – сондай мәңгілік тұлғалардың бірі.

Айша МАХАМБЕТҚЫЗЫ
Қазақстан Республикасы Президенті
атындағы шәкірт ақпарат бөлімінің жетекшісі

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің мәдениет және өнер факультетінде білім алып жатқан студенттер Қадыр Мырза Әлі атындағы облыстық мәдениет және өнер орталығына танымдық экскурсия жасады.

ҚАДЫР МҰРАСЫМЕН ҚАУЫШҚАН КҮН

Іс-шараның мақсаты - студенттердің кәсіби көкжиегін кеңейту, мәдени мекемелердің қызметімен таныстыру және қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық мұрасын насихаттау болды. Аға оқытушы, магистр Гүлжазира Жұмағалиеваның жетекшілігімен ұйымдастырылған сапарға «Мәдени-тынығу жұмысы» БББ 1-курс студенттері қатысты. Экскурсия барысында жастар орталықтың негізгі бағыттары, мәдени-ағартушылық қызметі, жүзеге асырып отырған жобалары мен шығармашылық бастамалары туралы жан-жақты ақпарат алды.

Студенттер үшін ерекше әсер қалдырған бөлімдердің бірі - Қазақстанның халық жазушысы, ақын Қадыр Мырза Әлінің мемориалдық кабинеті болды. Болашақ мәдениет саласының мамандары ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды материалдармен, жеке кітап қорымен, қолжазбаларымен және тарихи маңызы зор жәдігерлерімен танысты.

Танымдық кездесу барысында Қадыр Мырза Әлінің ұлттық әдебиет пен руханиятқа қосқан өлшеусіз үлесі туралы кеңінен айтылып, оның шығармашылық мұрасының бүгінгі қоғам үшін маңызы ерекше екені атап өтілді. Экскурсия студенттердің әдебиет пен мәдениетке деген қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды тереңірек тануына мүмкіндік берді. Мұндай тағылымдық шаралар жастардың рухани дүниесін байытып, мәдени мұраны құрметтеуге тәрбиелеумен қатар, болашақ кәсіби қызметінде қажетті тәжірибе мен білім алуға ықпал етеді.

Р.Ж. КУАНШАЛИЕВА,
Мәдениет және өнер факультетінің тәрбие ісі жөніндегі
декан орынбасары

ЖҰМЫСШЫ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ РӨЛІ

Қазіргі заманда елдің экономикалық дамуы мен әлеуметтік тұрақтылығы тікелей білікті жұмысшы кадрлардың сапасына байланысты. Елдің өндірістік әлеуетін арттыру, технологиялық жаңғыруды жүзеге асыру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамыту – бәрі де кәсіби дайындалған жұмысшы мамандардың нәтижесі. Жұмысшы кадрларды даярлау – мемлекеттің стратегиялық маңызы бар бағыты деп айтсақ болады. Жұмысшы маман әзірлеуде педагогтың маңызы қандай болмақ?

Педагог тек білім беруші емес, сонымен қатар еңбек нарығының талаптарына сай мамандарды қалыптастыратын, жастардың кәсіби көзқарасын, еңбек мәдениетін және өмірлік ұстанымдарын тәрбиелейтін тұлға. Дәл осы бағытта мұғалім адамгершілік, құқық, эстетика қағидалары мен нормаларына сәйкес өскелең ұрпақтың бойында адамзат қоғамының ережелері туралы білімдерін, түсініктерін мен сенімдерін қалыптастыра отырып, үздіксіз жұмыс істейді. Біріншіден, педагог тек оқытушы емес, ол – тәрбиеші, кеңесші және бағыт – бағдар беруші. Әр саладағы маман, мейлі ол заңгер, өрт сөндіруші, ғарышкер болсын, барлығы мұғалімнің тәрбиесінен өтеді, себебі, бүгінгі студент – ертеңгі кәсіби маман. Маман даярлауда педагогтың негізгі рөлі: ұйымдастырушылық, бағыттаушылық, тәрбиелеушілік. Мағжан Жұмабаев, Ян Амос Коменский сияқты ұлы тұлғалардың еңбектері мен педагогикалық көзқарастары мұғалім рөлін терең аша білген. Мысалы, Ян Амос Коменскийдің «Ұлы дидактика» атты еңбегінде білім берудің жалпы жүйесі ұсынылып, жұмысшы кадрларды даярлау кезінде педагогтар дидактикалық жүйені пайдаланып, оқушыларға теориялық біліммен қатар практикалық дағдыларды да меңгертумен айналысу керектігі айтылған. Коменский әдістемелері мұғалімдерге мамандар даярлау үдерісін жүйелеп берді. Ал Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде: «Тәрбиенің мақсаты - жас ұрпақты өмірге дайындау», - деп айтылған. Еңбегінде оның педагогикасы адамгершілік пен рухани құндылықтарды, ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті білім беру үрдісіне еңгізу керектігі қарастырылған. Осы тұрғыдан, жұмысшы кадрларды даярлау жүйесінде педагогтар жас мамандарға кәсіби біліммен бірге ұлттық рух, еңбекке құрмет, жауапкершілік секілді құндылықтарды да беруге міндетті екенін Жұмабаевтың теориясы көрсетеді.

Екіншіден, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Заманауи қоғамдағы

мұғалім – педагогикалық құралдардың, технологиялардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, шығармашыл тұлға. Қазақстан экономикасы нарыққа көшу бағытында болған соң, бұл тұрғыда мұғалімге қойылатын басты талаптар мыналар: бәсекеге қабілеттілік, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Қазір бәсекеге қабілетті маман дайындауда мұғалімге маңызды қадамдар жүктеліп отыр. Сөзім дәлелді болу үшін, Назарбаев Зияткерлік мектебі мен педагогикалық жоғары оқу орындары бірлескен зерттеу әрекеттерін ұсынғым келеді. Мұнда бала тәрбиелеуде, біздің кезекте, маман дайындауда мұғалімнің бірнеше міндеттері жаңартылған. Мысалы, ол жұмыстар: сын тұрғысынан ойлауға үйрету, оқыту мен оқуда АКТ-ны пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, мектептің оқу-тәрбие процесінде Кембридж жүйесіне негізделген инновациялық технологияларды өндіру бойынша эксперимент жүргізу, авторлық инновациялық технологияларды сынақтан өткізу, білім сапасын арттыру бойынша ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізу т.б.

Үшіншіден, жұмысшы мамандардың кәсіби деңгейі, еңбекке деген ұстанымы, инновациялық ортаға бейімделуі – бәрі де мектептегі білім беру жүйесінің, кәсіби педагогтардың еңбегіне тікелей байланысты. Осы шақта елімізде педагогтардың мәртебесі артып, соған орай, оларға жүктелген жауапкершілік жүгі де ауыр. Білікті ұстаз даярлау – жүйелі түрде мемлекет деңгейінде назарда.

Жұмысшы кадрларды даярлауда педагогтың атқарар жұмысының маңызы – қайсар жүректі, терең білімді және кең болмысты тұлғаны қалыптастыруында. Бұған қажырлы еңбек, зор күш қажет болады. Осылайша, тиімді жұмысшы кадрларды даярлау үшін педагогтардың кәсіби дамуына инвестиция салу – ақиқатты талап. Ұстаз — білімнің ғана емес, руханияттың да жанашыры, адам жанының шырақшысы. Ол әр шәкіртке мамандықтың қыры-сырын ғана емес, еңбекке, өмірге деген құрмет пен міндетті сезімін дарытады. Сондықтан, халқымызда күннен-күнге рухани жетілген, саналы да ардақты, сыйлы, ақ жүректі саф алтын, дарынды азаматтардың өсіп-өнуіне жағдай жасайтын, оларды алға жетелейтін, санасына сәуле түсіретін аяулы, парасатты ұстаздарымыз көп болғай!

Айша МАХАМБЕТҚЫЗЫ,
Қазақстан Республикасы Президенті
атындағы шәкірт ақпарат бөлімінің жетекшісі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Құқық БББ білім алған бітіруші түлектері үшін есте қаларлық күн болды. Дәл осы күні олар көп жылғы ізденіс пен еңбектің қорытындысы саналатын дипломдық жұмыстарын сәтті қорғады. Ерекшелігі сол - маңызды академиялық шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен тұспа-тұс келіп, мерекелік мазмұнға ие болды.

ЕЛ РӘМІЗДЕРІ АЯСЫНДА ӨТКЕН ДИПЛОМ ҚОРҒАУ



Дипломдық жұмыстарды қорғау рәсімі Мемлекеттік Әнұранды орындаудан басталды. Әнұран шырқалған сәтте комиссия мүшелері, оқытушылар мен студенттер орындарынан тұрып, мемлекеттік рәміздерге деген құрметтерін білдірді. Бұл көрініс болашақ заңгерлердің кәсіби біліктілігімен қатар азаматтық ұстанымы мен елдік сана-сезімінің де қалыптасқанын аңғартты.

Қорғау барысында студенттер құқық саласының өзекті мәселелеріне арналған ғылыми зерттеулерін таныстырып, комиссия мүшелерінің сауалдарына жауап берді. Ұсынылған жұмыстарда заңнаманы жетілдіру, құқықтық мәдениетті арттыру, азаматтардың құқықтарын қорғау және құқық қолдану тәжірибесін дамытуға қатысты тың ұсыныстар көрініс тапты.

Комиссия мүшелері зерттеулердің ғылыми деңгейіне, тәжірибелік маңыздылығына және түлектердің кәсіби даярлығына жоғары баға берді. Өрбір жұмыс студенттердің төрт жыл бойы жинаған білімі мен тәжірибесінің нақты нәтижесі ретінде бағаланды.

Мемлекеттік рәміздер күнімен қатар өткен бұл іс-шараның символдық мәні ерекше. Өйткені заң саласының мамандары үшін мемлекетке қызмет ету, заң үстемдігін сақтау және ұлттық құндылықтарды құрметтеу – кәсіби қызметтің басты қағидаларының бірі. Сондықтан диплом қорғау мен мемлекеттік мерекенің бір күнге сәйкес келуі болашақ мамандардың ел алдындағы жауапкершілігін тереңірек сезінуге мүмкіндік берді.

Осылайша, Құқық БББ түлектері үшін 4 маусым тек диплом қорғау күні ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне тағзым етіп, жаңа өмір белесіне қадам басқан ерекше күн ретінде тарихта қалды. Білім мен патриотизм үндескен бұл сәт жас мамандардың болашақтағы кәсіби жолына берік негіз қалады.

Гүлбарам ЖАЛЕКЕНОВА,
Тарих, экономика және құқық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, аға оқытушы, ҚР тарихы кафедрасының магистрі

СТУДЕНТТІК ШАҚПЕН СЫРПАС КЕШ

Студенттік өмір - адам жадында мәңгі сақталатын жарқын естеліктер мен әсерлі сәттерге толы ерекше кезең. Достық пен білімнің, шығармашылық пен ізденістің тоғысқан осы бір шақ әрбір жас үшін өмір мектебіне айналады.

Осы орайда «Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасының бітіруші түлектеріне арнап аталған бағдарламаның 2-курс студенттері ерекше қоштасу кешін ұйымдастырды. Іс-шараның басты мақсаты - оқуын аяқтап, үлкен өмірге қадам басқалы тұрған түлектерге құрмет көрсетіп, студенттік шақтың жарқын сәттерін бірге еске алу болды.

Кеш барысында студенттік өмірдің қызықты әрі әсерлі кезеңдерінен құралған естелік бейнероликтер көрсетіліп, түлектерге арналған жүрекжарды лебіздер мен тілектер айтылды. Сонымен қатар оқу мен қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып, факультет өміріне өзіндік үлес қосқан бітіруші түлектер «Мәдениет және өнер» факультетінің деканы К.Р. Кажимованың алғыс хаттарымен марапатталды.

Мерекелік бағдарлама аясында түрлі танымдық және көңілді ойындар ұйымдастырылып, әндер шырқалды. Студенттік жылдардағы қызықты оқиғалар мен ұмытылмас естеліктер айтылып, кеш қонақтары ерекше әсерге бөленді. Бітіруші түлектер өздерінің ең бақытты әрі мазмұнды студенттік кезеңдерін еске алып, төменгі курс студенттеріне алғыстарын білдіріп, ақыл-кеңестерімен бөлісті.

Жылы әрі шынайы атмосферада өткен кеш қатысушылардың көңілінен шығып, студенттік шақтың қадірін тағы бір мәрте сезінуге мүмкіндік берді. Бұл кездесу түлектер үшін жүректе сақталатын ерекше естелікке айналып, олардың үлкен өмір жолына көтеріңкі көңіл-күймен аттануына себеп болды.

Аңсағаным МУФТОЛЛА,
МТЖ-21 студенті



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті 7М01509 – «Биология» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранттары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті базасында ғылыми тағылымдамадан өтті. Бұл тағылымдама магистранттар үшін тек теориялық білімді толықтыру ғана емес, сонымен қатар жаңа ғылыми ортамен танысып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік берген маңызды кезең болды. Ғылыми тағылымдама жетекшісі жалпы биология және геномика факультетінің аға оқытушысы, философия докторы (PhD) Мырзабаева Малика Толендиевна тағайындалды.

ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА - БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ АЛАҢЫ

Тағылымдама барысында биологияны оқытудың заманауи әдістерімен, ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарымен және жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінің ерекшеліктерімен таныстық. Профессор-оқытушылардың дәріс және семинар сабақтарына қатысу арқылы сабақ жүргізудің тиімді әдістері және инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі назарымызды ерекше аударды. Оқытушылардың студенттермен еркін қарым-қатынас орнатып, оқу үдерісін заманауи форматта ұйымдастыруы үлкен әсер қалдырды. «Жазу тарихы музейі» ғылыми-танымдық орталығына, «Клеткалық биология және биотехнология институты» зертханаларына және факультеттің «Оқу-зертхана» орталығына экскурсия жасап, ғылыми ортаның жұмысымен таныстық. Экскурсия барысында заманауи зертханалық құрал-жабдықтардың жұмыс істеу ерекшеліктері көрсетіліп, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру бағыттары түсіндірілді. Өсіресе зертханалардағы ғылыми жұмыстар мен жаңа технологиялардың қолданылуы болашақ зерттеу жұмыстарымызға қызығушылығымызды арттырды.



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттің электрондық кітапхана жүйесі мен Отырар ғылыми кітапханасы қорымен жұмыс жүргізіліп, магистрлік диссертация тақырыптарына сәйкес отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды. Ғылыми мақалалар мен диссертациялық жұмыстар базасымен жұмыс жасау барысында ғылыми ақпараттарды іздеу, саралау және жүйелеу дағдыларымыз жетілді. Сонымен қатар ғылыми жетекшілермен және оқытушылармен пікір алмасу барысында диссертациялық жұмыстарды орындауға қатысты пайдалы кеңестер алдық.

Тағылымдама нәтижесінде магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысына деген қызығушылығы артып, кәсіби және теориялық білімдеріміз толықтырылды. Бұл тәжірибе болашақта ғылыми ізденіс жүргізуге, зерттеу дағдыларын жетілдіруге және білікті маман ретінде қалыптасуға үлкен мүмкіндік берді. Алынған білім мен тәжірибе алдағы уақытта магистрлік диссертация жұмыстарын орындауда және кәсіби қызметте тиімді қолданылатын болады.

Камшат УДРЕЕВА,
Жаратылыстану – география факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

ТӘЖІРИБЕ МЕН ІЗДЕНІС ТОҒЫСҚАН СӘТ: Ақгүл Жәрдемқызының шеберлік сабағы

Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен жаңашыл көзқарасы ерекше маңызға ие. Әсіресе, болашақ педагогтер үшін тәжірибелі ұстаздардың іс-тәжірибесін көру, оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдерді меңгеру – үлкен мүмкіндік. Осы орайда ұйымдастырылған Ақгүл Жәрдемқызының шеберлік сабағы студенттер үшін тағылымы мол, тәжірибелік маңызы жоғары кездесу болды.

Шеберлік сабағы барысында ұстаз өзінің көпжылдық тәжірибесінде қолданып жүрген заманауи әрі тиімді оқыту әдістерімен бөлісті. Сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыруға бағытталған белсенді әдістер, топтық жұмыстар, шығармашылық тапсырмалар және цифрлық технологиялар кеңінен көрсетілді. Бұл тәсілдердің барлығы оқушының сыни ойлау қабілетін дамытып, өз пікірін еркін жеткізуіне, топпен бірлесіп жұмыс жасауына және сабаққа белсенді қатысуына ықпал ететіні тәжірибе жүзінде дәлелденді.

Шеберлік сабағының басты ерекшелігінің бірі – ұстаздың шығармашылық ізденісі мен жаңашыл көзқарасы болды. Ақгүл Жәрдемқызы сабақ барысында қолданылатын көптеген көрнекілік құралдарын өз қолымен дайындаған. Түрлі дидактикалық материалдармен жабдықталған сынып оқушыларға жайлы орта қалыптастырып, оқу процесінің тартымдылығын арттырғаны байқалды. Ұстаз ұсынған әдіс-тәсілдердің қатарында



«Сиқырлы тастар», «Квест ойыны», «Құпия қорап», «Жамбы ату», «Сиқырлы жұмыртқа», «Жұлдызша», «Домбыра», «Бағдаршам», «Таразы», «Тоғызқұмалақ» сынды ұлттық және заманауи бағыттағы жұмыстар ерекше назар аударды. Әсіресе, ұлттық құндылықтарға негізделген «Жамбы ату» әдісі оқушылардың қызығушылығын арттыруда тиімді тәсіл ретінде таныстырылды. Бұл әдісте сандардың артында жасырылған сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар білімін сынап қана қоймай, ұлттық ойын элементтері арқылы танымдық белсенділігін дамытады.

Сабақ барысында ерекше әсер

қалдырған әдістердің бірі – «Фасоль» әдісі болды. Бұл тәсілде оқушылар дорбаға салынған фасоль дәндерін қолына ұстап отырып, қойылған сұрақтарға жауап береді. Мұғалімнің түсіндіруінше, фасоль дәндері алақандағы белгілі бір нүктелерге әсер етіп, оқушылардың өздерін еркін әрі сенімді сезінуіне көмектеседі. Соның нәтижесінде балалар қысылмай, өз ойын ашық айтып, сабаққа белсенді араласады. Сонымен қатар топқа бөлудің де маңыздылығы кеңінен түсіндірілді. Түрлі түсті қағаздар, суреттер, мақал-мәтелдер, геометриялық фигуралар, пазл бөліктері арқылы ұйымдастырылатын топтық жұмыстар

оқушылардың қызығушылығын оятып қана қоймай, олардың бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Мұндай әдістер оқушылардың жауапкершілігін арттырып, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Шеберлік сабағының негізгі өзектерінің бірі – мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту мәселесі болды. Ақгүл Жәрдемқызының айтуынша, баланың жан-жақты дамуы мұғалім мен ата-ананың бірлескен жұмысына тікелей байланысты. Осы бағытта ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісіне белсенді тартудың тиімді жолдары көрсетілді. Сыныптағы кейбір көрнекілік құралдардың ата-аналардың қолдауымен дайындалуы олардың мектеп өміріне деген қызығушылығын айқын аңғартты. Сондай-ақ ата-аналардың балаларымен бірге шығармашылық жұмыстарға қатысып, түрлі көрмелерге үлес қосуы бала мен ата-ана арасындағы байланысты нығайтып, оқушының мектепке деген оң көзқарасын қалыптастыратыны айтылды. Мұндай бірлескен жұмыстар оқушылардың жауапкершілігін арттырып, олардың білімге деген ынтасын күшейтеді. Қорыта айтқанда, Ақгүл Жәрдемқызының шеберлік сабағы болашақ педагогтер үшін үлкен тәжірибе алаңына айналды. Студенттер теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып қана қоймай, болашақ кәсіби қызметінде қолдануға болатын көптеген тиімді әдіс-тәсілдермен танысты. Осындай мазмұнды кездесулер жас мамандардың кәсіби дамуына серпін беріп, білім беру саласындағы ізденіс пен жаңашылдықты дамытуға ықпал етеді.

Ақмоншақ БОЛАТ,
НО-33 студенті

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог мамандардың ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру – кәсіби даярлықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Зерттеушілік құзыреттілік студенттің ғылыми мәселені анықтау, болжам жасау, деректер жинау, талдау жүргізу және қорытынды шығару қабілеттерінің жиынтығын қамтиды.

Білім беру топтарының IP білім беру бағдарламаларында «Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары» және «Педагогикалық зерттеулер» пәндері студенттердің ғылыми-зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Осыған байланысты оқу процесінде инновациялық тәсілдерді, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын қолдану қажеттілігі туындайды. Цифрлық технологиялардың дамуына байланысты зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда онлайн платформаларды қолдану кең таралуда. Осындай платформалардың бірі - Base44 негізінде Myresearch.base44 <https://myresearch.base44.app> сайты жасақтанды. Бұл платформа студенттерге ғылыми зерттеу жұмысын жүйелі түрде орындауға мүмкіндік береді. Платформа зерттеу процесін бірнеше кезеңге бөліп, әр кадамды ретімен орындауға бағыттайды. Сонымен қатар ChatGPT, Grammarly, QuillBot, Semantic Scholar, сияқты т.б жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Оқыту әдістерін қолдану тәртібі. Myresearch.base44 – ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған цифрлық орта. Платформаның басты ерекшелігі – зерттеу процесін құрылымдау және студентке кадамдық нұсқаулық беру.

Платформа келесі мүмкіндіктерді қамтиды:

- Жеке деректерді енгізу;
- Зерттеу тақырыбы мен мақсатын анықтау;
- Деректер жинау және талдау;
- AI құралдарын қолдану;
- Академиялық талаптарды сақтау;
- Рефлексия жүргізу;
- Қосымша материалдарды жүктеу.

Оқыту формалары мен технологиялары. Платформада зерттеу жұмысы жеті негізгі кезеңнен тұрады.

«MYRESEARCH ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ»

1-кесте. Зерттеу жұмысының кезеңдері

Зерттеу жұмысының кезеңдері	Сипаттамалары
1-кезең – Жеке деректерді енгізу	Бұл бөлімде студент өз аты-жөнін, тобын және пәнін көрсетеді. Бұл зерттеу жұмысының ресми басталу кезеңі болып табылады.
2-кезең – Тақырып пен мақсатты анықтау	Студент зерттеу тақырыбын таңдап, мақсаты мен міндеттерін нақтылайды. Бұл кезең зерттеу бағытын айқындауға көмектеседі.
3-кезең – Зерттеу жұмысын орындау	Зерттеу барысында проблема анықталып, деректер жиналады және талданады. Диаграмма мен кестелер арқылы нәтижелер визуализацияланады.
4-кезең – Жасанды интеллект құралдарын қолдану	Бұл бөлімде студент ChatGPT, Grammarly, QuillBot, Semantic Scholar сияқты құралдарды қолданады. AI құралдары мәтінді тексеруге, идея қалыптастыруға және ғылыми стильді сақтауға көмектеседі.
5-кезең – Академиялық дағдылар	Студент плагиатты тексеріп, сілтемелерді дұрыс рәсімдеуге және ғылыми стильді сақтауға назар аударады.
6-кезең – Рефлексия	Бұл кезеңде студент өз жұмысына талдау жасап, қиындықтар мен жетістіктерді анықтайды.
7-кезең – Файлдарды жүктеу	Соңғы кезеңде презентация, мақала және қосымша материалдар платформаға жүктеледі.

Студенттер үшін Myresearch.base44 платформасы зерттеулерін жүйелі ұйымдастыруға, деректерді талдауға және AI құралдарын тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Платформаға жүргізілген зерттеу жұмыстарын тіркеп, сақтап қоюға мүмкіндікке ие болады.

Келесідей ғылыми зерттеу жұмыстары орындалды. Мысалы, «**Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы зерттеу жұмысында «Кішкентай ғалым: Зерттеу жұмысын қалай жасау керек?»** кадамдық нұсқаулығы және оқушыларға арналған «**Менің зерттеу күнделігім**» жобасы әзірленді. Бұл әдістемелік кешеннің ерекшелігі – оқушы кітапша арқылы зерттеудің теориялық негіздерін меңгерсе, зерттеу күнделігі

арқылы сол білімді практикалық іс жүзінде, нақты кадамдармен жүзеге асырады. «Балалардың тілінің кеш дамуын түзетуде нейрожаттығулар мен жасанды интеллект мүмкіндіктері» тақырыбындағы бұл зерттеу жұмысымызда нейрожаттығулар мен AI құралдарының тиімділігі қолданылды. Нейрожаттығулар мен артикуляциялық жаттығулар үлгі ретінде арнайы карточкалар дайындалды.

Оқыту әдістерінің бірін-бірі толықтыруы. Ғылыми жұмыс жазу барысында біз бірнеше AI құралдарын қолданамыз:

- QuillBot ағылшын тілінде мәтінді қайта жазуға, синонимдермен алмастыруға және ғылыми стильге келтіруге көмектеседі.

MyBib әдебиеттер тізімін дұрыс рәсімдеуге мүмкіндік береді.

- ChatGPT зерттеу идеясын

қалыптастыруға көмектеседі. Бұл құралдар студенттің ғылыми жұмысын сапалы орындауына ықпал етеді.

- Genially – бұл онлайн платформа, оның көмегімен студенттер қарапайым презентациядан бөлек интерактивті материалдар жасай алады. Бұл құрал әсіресе курстық жұмыс, жоба қорғау немесе сабақта қызықты презентация жасау үшін өте ыңғайлы.

- Semantic Scholar (Семантикалық Ғалым) – бұл тегін, жасанды интеллект (ЖИ) технологияларына негізделген ғылыми-зерттеу іздеу жүйесі. Оның негізгі мақсаты – ғылыми әдебиеттерді (мақалалар, баяндамалар, диссертациялар) іздеуді және оларды талдауды жеңілдету.

Genially платформасы оқу материалдарын көрнекі әрі қызықты түрде ұсынуға мүмкіндік беріп, студенттердің оқу мотивациясы мен белсенділігін арттыруға ықпал етеді. «Педагогикалық карта» тапсырмасы ұсынылған болатын.


Мағжан Жұмабаевтың тәрбие туралы идеялары негізінде ЖИ көмегімен жасалған анимациялық мультфильм ұсынылады. Бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелік және танымдық материал ретінде қолдануға болатындығы көрсетіледі.

Қорытындылай келе, Myresearch.base44 платформасы ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда тиімді цифрлық құрал болып табылады. Платформа зерттеу процесін құрылымдап, студенттің академиялық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жасанды интеллект құралдарын орындау зерттеу сапасын арттыруға көмектеседі. Сондықтан мұндай платформаларды білім беру процесінде қолдану қазіргі заман талабына сәйкес келеді.

Ж.Ө. МҰХАНБЕТОВА,
М.Өтемісов атындағы БҚУ тіл,
әдебиет және ақпарат БББ жетекшісі,
аға оқытушы, магистр

В процессе повседневного восприятия окружающего мира у обучающихся нередко формируются ошибочные представления о физических закономерностях и механизмах протекания природных процессов. В этом контексте технологии виртуальной реальности позволяют реализовать конструктивистский подход в обучении, основанный на активном взаимодействии обучающегося с образовательной средой. При преподавании дисциплины «Методика преподавания физики» особое внимание уделялось изучению и проведению лабораторно-практических работ школьного курса с применением современных цифровых технологий. Практические занятия осуществлялись посредством погружения обучающихся в виртуальную образовательную среду с использованием VR-очков, что позволило моделировать физические процессы и явления в интерактивном формате.


Одним из современных цифровых инструментов, применяемых при обучении физике, является Roved PhysicsLab, предназначенная для моделирования физических явлений и выполнения лабораторных работ по различным разделам физики и астрономии. Особый интерес вызвала работа, связанная с исследованием магнитно-резонансной томографии. Использование виртуальной модели позволило визуализировать сложные процессы взаимодействия магнитного поля и электромагнитных волн, а также продемонстрировать применение физических законов в медицине. Благодаря наглядности цифровой среды обучающиеся смогли лучше понять принципы работы диагностического оборудования и значение физики в развитии медицинских технологий.



3D модель «Тормозная система» направлена на формирование у обучающихся практических навыков исследования механического движения и понимания физических закономерностей, лежащих в основе торможения автомобиля. В условиях виртуальной среды обучающиеся получают возможность моделировать движение транспортного средства, изменяя различные параметры эксперимента: начальную скорость, массу автомобиля, коэффициент трения между колесами и дорожным покрытием, а также величину тормозной силы. Это позволяет наглядно исследовать влияние различных факторов на длину тормозного пути и эффективность торможения.



Виртуальная модель, посвященная энергосберегающим лампам, была направлена на изучение электрических цепей, мощности и энергопотребления. Обучающиеся могут сравнивать характеристики различных источников света, анализировать эффективность преобразования электрической энергии и исследовали принципы энергосбережения. Работа способствует формированию экологического мышления и пониманию рационального использования энергетических ресурсов.




Проведённые исследования подтверждают, что использование виртуальных лабораторий способствует повышению эффективности организации лабораторных работ, обеспечивает моделирование широкого спектра физических процессов и проведение количественного анализа результатов в соответствии с законами классической механики, электродинамики и магнетизма.

При преподавании физики в учебном процессе активно используется программное обеспечение SPARKvue, которое позволяет сделать сбор, обработку, анализ и обмен экспериментальными данными быстрыми, удобными и доступными для обучающихся. Программа представляет собой современную цифровую лабораторную среду, ориентированную на организацию исследовательской деятельности и проведение практических работ по естественно-научным дисциплинам. SPARKvue совместима со всеми беспроводными датчиками PASCO и устройствами PASPORT, что обеспечивает широкие возможности для проведения лабораторных экспериментов по физике.


В условиях стремительного развития цифровых образовательных технологий система современного образования ориентируется на внедрение инновационных методов обучения и современных цифровых образовательных ресурсов. Особое место в данном процессе занимает физика как фундаментальная наука, изучение которой предполагает не только усвоение теоретических знаний, но и развитие практических умений, исследовательских навыков и научного мышления.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ ФИЗИКИ



Использование SPARKvue способствует развитию исследовательских навыков, формированию цифровых компетенций и повышению познавательной активности обучающихся. Они осваивают методы научного исследования, учатся работать с измерительными приборами, анализировать результаты эксперимента и делать выводы на основе полученных данных. Визуализация физических процессов и автоматическая обработка результатов помогают лучше понять изучаемые явления и повысить качество усвоения учебного материала.

Образовательное приложение Physics Lab предназначено для изучения физики, моделирования физических процессов и проведения виртуальных лабораторных работ. Программа предоставляет пользователям возможность выполнять эксперименты в интерактивной цифровой среде, исследовать законы физики и визуализировать различные научные явления с использованием трехмерных моделей и виртуальных инструментов. Приложение ориентировано на обучающихся, преподавателей и всех, кто интересуется физикой и современными технологиями обучения. Physics Lab позволяет создавать и запускать виртуальные эксперименты по различным разделам физики: механике, электричеству, электромагнетизму, оптике и другим направлениям естественно-научного образования. Пользователи могут собирать электрические схемы, исследовать движение тел, моделировать взаимодействие физических объектов и анализировать результаты экспериментов в режиме реального времени.



Таким образом, Physics Lab является эффективным цифровым инструментом для организации практико-ориентированного обучения физике, обеспечивающим интеграцию теоретических знаний и исследовательской деятельности в современной образовательной среде.

Практическое применение цифровых образовательных ресурсов в процессе обучения позволило не только повысить познавательную активность обучающихся, но и создать условия для развития исследовательских компетенций студентов и магистрантов. Результаты проведенных исследований и опыт использования цифровых технологий были представлены в научных публикациях, подготовленных совместно со студентами и магистрантами. Материалы опубликованы в сборнике международной научно-практической конференции «Таймановские чтения – 2026» по направлению «Цифровая наука и искусственный интеллект», а также в материалах международной научно-практической конференции «Искусственный интеллект в образовании», проводимой в Оренбург (РФ). В рамках конференции опубликована статья «Моделирование движения в задачах механики», что подтверждает результативность внедрения цифровых технологий и виртуального моделирования в образовательный процесс.

Таким образом, интеграция виртуальных лабораторий и VR-технологий в образовательный процесс способствует повышению качества преподавания физики, развитию самостоятельной исследовательской деятельности обучающихся и формированию современных физических компетенций в условиях цифровой образовательной среды.

**А.У. ИСКАЛИЕВА,
К.К. НУРГАЛИЕВА,**

старшие преподаватели, магистры образовательной программы по подготовке учителей математики и физики

«Ауылға сіңірген еңбегі үшін»

Қасиетінен айналайын туған жер! Қазақ халқының маңдайына біткен ардақты ақыны Мұқағали Мақатаев туған ел, туған жер қақында: *«Айналайын! Атамекен, Ақ мекен! Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?! Туған өлке тәтті екен ғой, Тәтті екен!»* дегені бар-ды. 2024 жылы Орал қаласында **«Бөкей хан ауылы»** атты тарихи деректі-ақпараттық этюд жанрында «Құрманғазы ауданының құрметті азаматы» атағының иегері, полиция подполковнигі, ардагер ағамыз **Гайсин Дүйсенбек Тастанбайұлының** авторлығымен 378 беттік еңбек басылым көрді. Жауапты редакторы – «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Құрманғазы ауданының құрметті азаматы» атағының иегері, профессор **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев**.

Еңбекте киелі Құрманғазы (Атырау облысы) топырағының дүние жүзі картасына енген, негізі 1871 жылы қаланып бір ғасыр жарым уақыт Котяев атауымен аталған бүгінгі Бөкей хан ауылының тарихына кең көлемді саяхат жасалған. Ауылдың кешегісі мен бүгінгісі, яғни, елге қызмет еткен ұжымшарлары (колхоз) мен мекемелері, кезінде тарыдай шашырап жүрген қазақ халқының бір бөлігінің осы өңірге шоғырлануына мол тер төккен ауылға есімі берілген ұлт тұлғасы Бөкей Нұралыұлының өмірі, оның Ордасының тарихы, осы ауылда туып-өсіп, қажырлы еңбек еткен қарапайым еңбек адамдары, жанқиярлық адал тірлігімен елге танылған тұлғалары, кешегі Ұлы Отан соғысында елі мен жері үшін жаумен шайқасқан майдангерлер, сол қанды майданнан еліне оралмаған боздақтар туралы біраз мәліметтер боямасыз берілген.

Байқағанымыз, күні кешегі Байда ауылдық округі құрамындағы көпэтносты ауылдың бүгінгі күні адам танымастай аты да, заты да жаңарған *Бөкей хан ауылдық округі, Бөкей хан ауылы* - жаңаша өзгерістерге тола жарқыраған бірегей елді-мекен. Бүгінгі Бөкей хан ауылы - Қазақстанның Батыс қақпасы Қап тауынан бері қарай толассыз құйылған түрліше жұрттың Тәуелсіз елімізге алғаш есік ашар қадамының бастамасы. Бөкей хан ауылы – сызылып аққан Қиғаштың көрікті тұсына орналасқан ежелгі қазақ ауылдарының бірі. Біздіңше, біздің балалық шағымыздың куәгері болған, ауылдың тірегі саналған сол тұстағы аудандағы төрт ұжымшардың бірі «Память Ильча» колхозының аудан, облыс экономикасын өркендетуге өз тарапынан қосқан үлесін қай қырынан да мақтанып айтуға лайық.

Ал ата-бабамыздың Еділ мен Жайық арасындағы қазақ жеріне қайта оралып тұрақтануына, сол кең байтақ өлкенің қазақ жері болып қалуына себепші әрі бастамашы болған Бөкей хан сынды бірегей тұлғаның аз еңбек сіңірмегенін қазақ халқы тарихтан біледі. Бөкей ханның ұлтты ұйыстыруға қосқан үлесі ұланғайыр. Бір ғасыр жарым уақыт орыс купесі Котяев атымен аталып келген қазақтың кіреберіс Батыс қақпасы саналатын ауылға Бөкей хан есімінің берілуі – ауыл, аудан тұрғындарының айрықша үлкен ұйымшылдығының кепілі, жеңісі, тәуелсіз елдің ұлт тұлғасына саналы тұрғыда сенуі, Бөкей хан рухына жасалған тағызым белгісі.

Бізді де туған жеріміз *«Ежелден «Батыс қақпа» аталатын, Ауылына хош келіссіз Бөкей ханның», «Бөкей ханның келген болсаң ауылына, Рухына басыңды онда иіп қой!»*, *«Ұлықтаған ата-баба мұрасын, Бәрежелді, бұл Бөкей хан ауылы», «Ұлы Бөкей атың асқақ, жыр аңыз, Жоғалмайтын бойтұмардай мұрамыз», «Ауызбірлік ұранына айналған, Жаса, жаса, Бөкей ханның ауылы!»* (Таңатар Дәрелұлы) деп құшақ жая қарсы алды. Біз де *«Бөкей хан ауылы, Еңбекқор қауымы, Хош келдің қашан да, Дос-туыс, бауыры»*

деп әндете жөнелдік. Осы сапарымызда арнасынан аса ағыл-тегіл жайылып жатқан Ару Қиғашымызға тамсана қарап, көз нұрымызды қанықтыра ойға шомдық. *«Төрт түліктен жер қайысқан даласы, Сылдырайды Ару Қиғаш саласы», «Ару Қиғаш күткеніміз осы деп, Арнасына сыймай бүгін жатқан сәт»* (Т. Дәрелұлы), *«Мен тұрмын Қиғашымның жағасында, Тынбастан сырғып әлі ағасың ба? Өзіңде өткен балғын шақтарымды, Еске салып, есігін қағасың ба?.. Шомылып ыстық жазда, суыңды ішіп, Сырғанап суық қыста тоңып, үсіп. Алаңсыз балалық шақтарымыз, Кетеді сағындырып, еске түсіп. Соқса да толқындарың аласұрып, Жүзуші едік тереңінде құлаш ұрып, Суыңды кешіп жалаңаяқ, балық аулап, жүруші едік жағаңда шалаш құрып», «Қиғашым деп, мен мақтан айта алам, Еске алып*

сұлтанға жүктеледі... Бөкей сұлтан 1801-1803 жылдары Еділ мен Жайық аралығына өз билігін жүргізу құқығын алғаннан соң, бес мың түтінмен өтіп жұртын рулық, туыстық негізде орналастырады. Әрбір рулас ағайындар ара қашықтығы 5-10 шақырым шамасында жердің, судың ыңғайына қарай ауыл-ауыл болып қоныстанады. Ауылға басшылықты туыстық байланыстағы үлкендерінің бірі жүргізеді. Тұрмыстағы ішкі-сыртқы билікті сайланған старшындар басқарады. Жалпы билік тағайындалған сұлтандарға жүктеледі... 1805 жылы Бөкей сұлтан Хан Кеңесі төрағалығы қызметінен босайды. Ол Ішкі Орданың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бар күш-жігерін салып жағдайды жақсартады... 1812 жылы Бөкей сұлтан хан тағына отырып, елде Бөкей хандығы орнайды. Бөкей хан бар ғұмыры мен мүмкіндігін



сол күндерді жай табам», «Шіркін, сол балғын шақтар, қиял-арман, Кездер-ай, сағынамын артта қалған, Айдыныңды шарлаған бірге кешіп, Өтті ғой бұл фәниден талай тарлан. Ал қазір толқын кешкен бала батыр, Алпысты алқымдапты қара да тұр» (Марат Мырзатай) дегізгендей. Ақыры, *«Ауырмай, аман болып, дос-замандас, Жүрейік бұл өмірде шалқып әлі»* деп кеудемізді толайым жырға толтырып ілгері аттандық...

Тарих парақтарына үңілсек, шартарапта шашылып жүрген қазақ халқын ата жұртқа қоныстандыруды өзіне мақсат қылған **Бөкей сұлтан** Император Павел біріншіге хат жолдағаны, хатта Еділ мен Жайық өзендері аралығындағы бос жатқан жерге қазақ халқын қоныстануға және ол өңірді еркін иемденуге рұқсат сұрайтыны жазылғаны мәлім-ді. Бөкей сұлтан 1801 жылдың 11 наурызында патша үкіметінің рұқсатына ие болады. Мұны Ішкі Орда тарихының, Еділ-Жайықты қайтару тарихының басты кезеңі деуімізге негіз бар. 1801 жылға дейін Еділ-Жайық арасындағы дала талас-тартыспен тек қыс мезгілінде ғана пайданылса, енді жылдың төрт мезгілінде жайлауға мүмкіндік туады. Ал Жайықтың дала бетіндегі (қырдағы) қазақтар Нарын құмын қыс мезгілінде пайдалануын жалғастыра береді. Оларды реттеу Хан кеңесінің төрағасы Бөкей

өз хандығының жерін қорғауға, халқына қызмет етуге арнаған. Билеушісіне, көсеміне риза болған халық *«хан Бөкейдің тұсында секер шайнап, бал жұттық»* деп текке айтпаса керек-ті. Әр түрлі келеңсіз оқиғаларға қарамастан Бөкей хан тұсында Ішкі Орда қазақтарының әлеуметтік жағдайы жақсарып, көшпелі халықтың мерейі артады. Жылдар бойы тусырап жатқан шұрайлы далада мал көбейіп, сауда өсіп, дәулет артты. 1802 жылы Ішкі ордадағы халық саны 6300 шаңырақты құраса, 1814 жылы 8500 шаңыраққа ұлғайған. Ал төрт түлік саны 3 миллионнан асып жығылды... 1836-1838 жылдарғы ұлт-азаттық көтерілістің жетекшісі Исатай Тайманов та заманында Бөкей ханның сенімді адамы болған...

Жалпы Бөкей өмірінің біраз жылдары бүгінгі Атырау облысының Махамбет, Исатай (Новобогат) және Теңіз, бүгінгі Құрманғазы аудандары, Орал, бүгінгі Батыс Қазақстан облысы, Ресейдің Астрахань облысы жерлерінде өткен. Алғашқы жылдары Сарайшық бекінісінде, одан кейін бүгінгі Атырау облысының Исатай ауданына қарайтын *«Жалтыр көл»* маңын қоныстанады. Ол алдымен өзінің сұлтандық билігі жүретін қарамағындағы халқымен, мал-жанымен Жайықтың ішкі бетіне көшеді. Жалтырға Бөкеймен алғашқыда 200 үй көшіп келеді. Сол жылдары көлдің

ұзындығы 22, ені 16 шақырымды құрайтын шалғыны мол, балығы көп, құнарлы жері болған. Бүгінде көлдің батысында Бөкей қыстауының орны, сол жерде отырғанда қайтыс болған анасының *«Бөкей шешесі»* деп аталып кеткен қорым, *«Бөкей қыстауы»* деген жерлер бар... Бөкей бұл жерде ұзақ аялдамай, қонысын Каспий теңізі жағалауындағы қазіргі Жанбай ауылы маңына, кейін Қиғаш өзенінің түпкі сағасына қарай қоныс аударған. Бөкейдің соңғы тоқтаған жері бүгінгі Ресейдің Қазақ елінің Құрманғазы ауданымен шекарасында орналасқан *«Бейбек»* ауылының маңындағы *Кішкене арал (орысша «Малый арал»)* болатын. Нақты қонысы Кішкене аралдың терістік-батыс бетіндегі *«Тебенұр»* көлін жиектеген *Балашағыл* деген жер. Бұл қоныста ертеде қалмақтар малмен отырған. *«Тебенұр»* қалмақтарша *«Тебе» - түйе, «нұр» - көл* мағыналарынан туған деген мәліметтер бар. Біраз еңбектерде Бөкей кезінде Исатай әкесі Тайманмен сыйлас болған, жақсы араласқан делінген... Бөкей хан 1815 жылы 21 мамырда *шемен (денеге жиналған сарысу)* ауруының меңдеуінен қайтыс болады. Ол өзінің хан сарайы болған Ресейдің Красный яр (Қызыл жер) ауданы мен Қазақстанның Құрманғазы ауданы шекаралас ортадағы Қиғаш өзені бойындағы Ресейдің Кіші (Малый)

төсбелгісімен марапатталды

аралындағы Сейіт баба қорымы маңына жерленген...

Бөкей хан ауылы Атырау облысының Құрманғазы ауданында, аудан орталығы Құрманғазы ауылынан батысқа қарай 45 шақырым жерде, Еділдің тармағы – Қиғаш өзенінің Қазақстан мен Ресей арасындағы шекаралық бекеті жанында орналасқан. Бұрынғы Байда селолық советі, бүгінгі Бөкей хан ауылдық округінің орталығы. Бөкей хан округінің аумағы - 5660 гектар. Оның 275 гектары - ауыл шаруашылығы алқабы, 670 гектары – егістік, 4080 гектары – шабындық, қалған 635 гектары – жайылым жерлер. Округ құрамына Бөкей хан ауылының жер телімі кіреді. 01 қазан 2023 жылғы мәлімет бойынша ауылда 409 үй бар. Тұрғындар саны – 1889 адам. Қазақтар – 1853, орыстар – 32, беларусь – 1, өзге ұлт өкілдері – 3 адам. Округте 16 жеке қожалық, 14 жеке кәсіпкерлік субъекті бар. Тұрғындардың иеліктерінде 1500 шамасында сиыр және қой, жылқы, түйе малдары бар. Бұл ауылдық округтің негізі қаланғанына бір ғасырдан астам уақыт болды. 1920 жылы «Байда селолық советі» болып құрылып, 1999 жылы «Байда ауылдық округі», 2022 жылдың қыркүйек айында «Бөкей хан ауылдық округі» деп атауы өзгерді.

Байда – Шортанбай селосының шығысында орналасқан жер атауы. Атауға қатысты бірнеше болжамдар бар, бірақ нақты нүктесі қойылмаған. Кейбір пайымдар бойынша, «*Байда*» - бай, күшті, мықты, шұрайлы жер мағынасын береді. Сөз этимологиясына бойласақ, бұл сөз орыс, жоңғар тілінде жоқ. Негізінен түркі тілінің «*бағда*» деген сөзінен шыққан. Орта ғасырлық тіл заңдылығына байланысты «*ф*» дыбысы «*и*» болып оқылып келген. Демек, «*бағда*» сөзі «*байда*» болып аталады. Бұл түркі тілінен аударғанда «*жаудың тізесін бүктірген*» мағынасында. Қазіргі орыс тілінің сөздігінде «*Байда*» сөзі жоқ. Бірақ 1804 жылғы Астрахань губерниясының картасында «*Байда*» елді-мекені бар. Жоңғар-қалмақ тілінде бұл сөз кездеспейді. Осыған байланысты «*Байда*» атауы XVIII ғасырдың басында пайда болуы мүмкін. Ал өлкетанушы ғалым Мақсат Жолжановтың анықтамасында «*Байда*» түбек аты делінген. Бұл өңір Бөкей хандығы кезінде «*Байда кордон*» аталған. Патшалық Ресей кезінде қырлықты жайлаған қазақтарды ішкі өңірге жібермей күзететін әскери кордон болған жер. Өткен ғасырдың 1920 жылы жергілікті биліктің шешімімен Байда селолық советі ұйымдастырылып, орталығы Котяев селосы болған (**Гайсин Д.Т. Бөкей хан ауылы. Орал, 2024.-16-43-б.б.**).

Бөкейдің тарихи тұлға екені, қазақтың Еділ мен Жайық арасына қоныстануына сіңірген еңбегі тарихта аққа қарамен жазылғаны баса айтылған. Ауыл тұрғындарының басым бөлігі ауылдың атауын «Бөкей хан ауылы», округ атауын «Бөкей хан ауылдық округі» деп атауды қолдап шешім қабылдаған. Кейіннен ол шешім аудандық, облыстық деңгейдегі сараптамалар мен құптаулардан өтіп, 30 қыркүйек 2020 жылғы бірлескен Атырау облысы мәслихатының 186-VII шешімі және Атырау облысы әкімінің №207 санды қаулысымен бекітілді. Бұл - бүгінгі жастар, болашақ ұрпақтар үшін тарихта қалатын үлкен тарихи іс. Осындай шешімге тоқталған ауылдың қоғамдастық мүшелеріне, оны іске асыруға ат салысқан округ әкімі **Жүсіп Сүлейменұлы** мен қолдау көрсеткен аудан, облыс мәслихат депутаттары мен әкімдігіне ауыл және округ халқының басым бөлігінің алғыстары шексіз...

Ал алтын орда аяулы мектебіміздің тарихы сонау XX ғасырдың 30-ыншы жылдарынан бастау алады. Патша үкіметі құлап, Кеңес одағы билік күшін алғаннан кейін одақ көлемінде халықты

сауаттандыру жұмыстары қолға алынды. Тұрақты бала оқытатын арнаулы оқу орындары жеткіліксіз болғандықтан, білімге ниетті адамдар балаларын сол деңгейге сай сауатты белсенділер үйлеріне жинап қаріптануға оқытты. Ауылда тұрған балықшылар балаларын Андрей Лаврентьев сынды белсендінің үйінде оқытқан. Кейіннен жаппай халық шоғырланған елді-мекендерде бастауыш мектептер ашыла бастады. Бұрынғы мешіт болып келген үйлердің біразы мектеп үйіне айналды. 1930 жылы ауыл орталығынан саман тастан шағын төрт бөлмелі мектеп үйі салынып, қазіргі жалпы орта мектептің негізі қаланған. Сол жылы алғашқы орыс, қазақ бастауыш кластары ашылып, 1-ші сыныпқа оқушылар қабылданды. Мектеп Үкімет есебінен қаржыландырылды.



Мектепке 1930 жылы сол кездегі орыс революционері, Кеңестер одағының саяси және мемлекет қайраткері Крупская Надежда Константиновнаның есімі берілді. Мектептің алғашқы меңгерушісі (*бастауыш мектеп басшысы*) болып арнаулы білімі бар мұғалім **Юницкая Анна Михайловна** тағайындалған. Анна Михайловна орыс кластарына, педагогикалық қысқа курс бітірген **мұғалім Берденов Әліпқали** қазақ кластарына сабақ берген. 1935-36 оқу жылына Котяев ауылындағы Н.Крупская атындағы бастауыш мектебін орталау (7 *класстық*) мектепке айналдыру туралы шешім қабылданды. Өңір ауылдарындағы орталау мектептерді бітірген оқушылар саны көбейіп ауылға он жылдық мектепке қажеттілік туындайды. Сондықтан 1939-40 оқу жылына мектепке орта мектеп статусын беру туралы шешім қабылданып, мектепті кеңейту мақсатында төрт бөлмелі қосымша мектеп үйі салынады. Бірақ 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуы салдарынан, ол шешім іске аспай, оныншы класқа көшкен оқушылар ауданның басқа ауылдарындағы орта мектептерге бөлініп кетеді... Мектепке орта мектеп дәрежесі берілген тұста ең алғашқы оқу жылы 112 оқушы он кластық білім аттестатын алып шықты. Мектеп түлектері арасынан шыққан ғылым докторлары - химия ғылымдарының докторы **Кенжеғалиев Әкімғали**, техника ғылымдарының докторы **Филажев Есенғали**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы**, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор **Ихсанов Ерсайын**, **Ыдырысов Акрам**, т.б.

1983 жылы 01 қыркүйекте сол кездегі

«Память Ильича» колхозының басқарма төрағасы Сатылғанов Дүйсенбайдың басшылығымен Котяев селосының халық арасында «Перевалочный» аталып келген шағын ауылына жақын маңнан, Қиғаш өзеніне жақын жерден жаңа типтік жобамен 320 оқушы орындық мектеп ғимараты пайдалануға берілді. 2020 жылы қыркүйек айында мектепке қоғам қайраткері, халық жазушысы, қазақ поэзиясының майталманы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Фариза Оңғарсынованың есімі беріледі. Мектепте 2022-23 оқу жылы 64 мұғалім жұмыс жасап, 24 сыныпта 355 оқушы оқыған. Олардың 65-і озат, 100-і екпінді. Мектептің сапа көрсеткіші – 52,5%, үлгерім көрсеткіші – 100%. Қазіргі 2025-2026 оқу жылы мектепте 420 оқушы білім алуда...

Н.К. Крупская атындағы Жалпы орта білім беру мектебін 1981 жылы тәмамдаған түлектердің 45 жылдық кездесуі 2026 жылғы 24 мамыр күніне белгіленді. Жоспарға сәйкес түлектер бүгінгі Фариза мектебімен танысып, арнайы кабинеттерді аралап бір жасап қалды. Түлектер Бөкей хан ауылдық округі әкімі **Ғалиханов Амангелді Ғалиханұлы** мен мектеп директоры **Исатаева Шынар Сүйіндіқызы** бастаған педагогикалық ұжым мүшелерімен, ардагер ұстаздармен, ата-аналармен, мектептің үздік өнерлі оқушыларымен жүздесіп, ұрпақ тәрбиесі, білім беру, тұлға баулу мәселелері турасында пікірталасты. Мектеп кітапханасына Махамбет Әтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы** шешендік өнерге қатысты бір шоғыр кітабын авторлық қолтаңбасымен сыйға тартты. Мектептің үздік өнерлі оқушысы **Саясат Милана Өтегенқызына** түлектер атынан бірізгілік **Шәкіртақы (100 000 теңге) Сертификаты** табысталды...

Ұстаздық - ұлы іс, өйткені ол адамды адам ететін өнер. Ұстаз – мәңгі нұрдың қызметшісі. Ұстазшәкірттің рухын биіктетеді. Шәкірттің жетістігі – ұстаздың жеңісі. Ұстаздың еңбегі шәкірттің жетістігімен өлшенеді. «**Ұстаз алдында ұстара жұт**» (Халық даналығы) дегендей өз кезегінде ардагер ұстаздарымыз **Исмағұлов Яков (Яша ағай) Өтепбергенұлы, Шамарова Күлмай (Клара ағай), Омарова Әсима Баязқызы, Абдолова Бағилат Шамарқызы, Зұлхарнаева Майра Түсіпқызы** сөз алып, мектеп түлектеріне ақ тілектерін

жаудырды. Ардагер ұстаздарымыздың әрқайсысына гүл шоқтары мен сувинер сыйлықтар ұсынылды. **Жүздесу сәтінде Бөкей хан ауылдық округі әкімі Ғалиханов Амангелді Ғалиханұлы арнайы сөз кезегін алып, Бөкей хан ауылдық округ әкімдігінің аппараты атынан мектеп түлегі, ел мақтаншы, Республикаға танымал белгілі филолог ғалым, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының кеудесіне «Ауылға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін жарқырата тағып, ел атынан ақтарыла алғыс айтты.** Білім ордасындағы түлектер кездесуі мектептің бас ғимараты алдында естелік фотоға түсумен түйінделді. Одан әрі мезгілсіз өмірден озған ұстаздарымыз бен сыныптастарға дұға бағышталып, құран оқылды, өмірден мезгілсіз өткендерді еске алу дастарқаны әзірленді. Майдангерлерге арналған естелікobelіскіге гүл шоғы қойылып, тағызым ету де естен шығарылмады. Одан әрі замандастар Қиғаш өзені жағасында серуендеп, Халықаралық автожолдар картасына енген Қиғаш өзенінен өтетін қатынас көпірінде болды. Кездесу Бөкей хан ауылдық округіндегі «Инжу» мейрамханасындағы кешкілік думанмен түйінделді.

Ұзын сөздің қысқасы, қысқа сөздің нұсқасы, «**Түлектер-81**» кездесуі барынша қызудуманды, асамәнді де сәнді өтті. Әрине, мақсат - той тойлау емес, ой ойлау ғой. Ең бастысы, түлектер күллі іс-әрекеттерімен ауыл өміріне қозғалыс, ойланас туғыза білді, ардагер ұстаздарымыз балаша мәз болды, **Милана** есімді бір үздік, өнерпаз бүлдіршіннің кеудесіне үміт шуағын еге алды. Өз басымыз осы тұсқа ерекше қуандық. Бұл ретте Бөкей хан ауылдық округінің әкімі **Амангелді мырзаға**, Фариза мектебінің директоры **Шынар ханымға** Түлектерді тік тұрып қарсы алғандары үшін, зор құрмет белгісін көрсете білгендері үшін **Мың алғыс!** Жарқын жүздесу, келісті кездесу, думанды диалогқа сәттімізді ғаламат мағынаға толтырғаны үшін ұйымдастырушы қайсар қыздарымыздың, жайсаң жігіттеріміздің тектілігіне төнтіміз!.. Иманжүзді, келісті келбетті, бір ауыз артық сөздері жоқ, барлық жағдаятты түсіністікпен ұғынып, әр қимыл-қозғалыстарымен тек бірлікке, ынтымаққа шақыра білген асыл қыздарымызға шексіз ризашылығымды білдіреміз! **Аманшылықта, саушылықта жүргейсіздер, қадірлі қыздар!**

Ендігі кезектегі ұсыныс - «**Қалдырған ізің – мәңгілік...**» дегендей, «**Замандас ізі**» атты естелік кітап әзірлеу, баспадан шығару. Адам деген – ардақты ат. Ата-бабамыз айтпай ма: «**Шөлге құдық қазған бір сауап, өзенге көпір салған бір сауап, жолға ағаш еккен бір сауап**» деп. Абай данамыз «**Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық**» демеп пе еді. Біздіңше, әрбір тұлға өз артында белгілі бір деңгейде шамашарқынша өзіндік ізгілікті ізін, сүбелі соқпағын, дара даңғылын қалдыруы тиіс деп білеміз. Себебі он адам жүрген жерде із қалады, жүз адам жүрген жерде соқпақ, мың адам жүрген жерде жол қалады емес пе! Біздің де мақсатымыз - осы. Өмірбаянға енер мәліметтер сапына мектепте оқыған кезіміздегі ұстаздарымыз туралы естен кетпес естелік үзінгі айту, қысқа нұсқалы бүгінгі ұрпаққа өсиет-тілек білдіру бар... Сөз соңында, бұйырса, осы «**Замандас ізі**» жинағының тұсаукесерінде кездесуге жазғай демекпіз!..

Ермек ЖЕМЕНЕЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Аружан КӨШКІМБАЕВА,
Қоғамдық даму департаментінің өдіскері

31 мая в Республике Казахстан ежегодно отмечается День памяти жертв политических репрессий и массового голода XX века. Эта дата была установлена Указом Президента Республики Казахстан от 5 апреля 1997 года и призвана сохранить историческую память о трагических страницах прошлого, почтить невинных жертв и подчеркнуть важность недопущения подобных событий в будущем.

«О реабилитации жертв массовых политических репрессий», направленный на восстановление справедливости и прав пострадавших граждан. В последующие годы были реабилитированы сотни тысяч незаконно осуждённых. По

31 мая в Казахстане отмечается День памяти жертв политических репрессий и массового голода XX века

Политические репрессии представляли собой систему мер государственного принуждения, применявшихся в СССР в отношении различных социальных групп. Они затронули не только политических деятелей, но и крестьян, военных, интеллигенцию, духовенство и целые народы. Репрессивная политика была связана с процессами укрепления государственной власти, индустриализации и коллективизации, а также с идеологическими установками того времени. Была разработана «научно» обоснованная схема превентивного, устрашающего населения террора. Главная заслуга в этом принадлежит Ленину, Троцкому, Зиновьеву, Дзержинскому, Лацису и другим лидерам большевиков, которые провозгласили такие лозунги, как: «массовидность террора», «будьте образцово беспощадны», «расстреливать, никого не спрашивая и не допуская идиотской волокиты», «устрашение является могущественным средством политики. В результате многие люди были необоснованно обвинены и подвергнуты преследованиям.

Причинами репрессий стало принуждение населения к труду на внеэкономической основе. Идеология, формируя новое мышление и восприятие, должна была мотивировать людей работать практически бесплатно. Другой причиной выступало усиление личной власти. Для новой идеологии был нужен кумир, человек которому беспрекословно доверяют. После убийства Ленина этот пост был вакантным и И.В. Сталин стремился занять это место. Он прибег к крайним репрессивным мерам не для расправы с элементами «рудиментарной оппозиции», а только для того, чтобы заставить членов ЦК и секретарей краевых и областных партийных комитетов поддержать его новый политический курс, в основе которого лежали идеи создания новой Конституции и новой избирательной системы, основанной на принципах общенародной демократии.

Целями репрессий являлись изоляция и ликвидация противников советской власти и всех кто находился к ней в оппозиции, стремление переложить ответственность за провальные проекты на политических противников и другие

явные неудачи индустриализации, коллективизации и культурной революции, необходимость замены старой партийно-советской элиты, показавшей свою несостоятельность в решении проблем индустриализации и социалистического строительства новой элитой, сосредоточить всю полноту власти в руках одного партийного лидера, использовать принудительный труд заключённых на строительстве индустриальных объектов в местах с острой нехваткой трудовых ресурсов.

В период с 1921 по 1954 годы, по официальным данным, в Казахстане было осуждено около 100 тысяч человек, из которых примерно 25 тысяч были приговорены к высшей мере наказания – расстрелу. Одними из первых подверглись репрессиям представители движения «Алаш», обвинённые в национализме. Среди репрессированных – видные общественные и государственные деятели, деятели культуры: Алихан Бокейханов, Ахмет Байтурсынов, Магжан Жумабаев, Жусипбек Аймауытов, Сакен Сейфуллин, Турар Рыскулов, Мухамеджан Тынышпаев и многие другие представители интеллигенции.

На территории Казахстана действовала система исправительно-трудовых лагерей, входивших в структуру ГУЛАГа. Среди них наиболее известны: Карлаг (Карагандинский исправительно-трудовой лагерь) – один из крупнейших лагерей СССР, функционировавший в 1930 – 1959 годах. Заключённые привлекались к работе в промышленности и сельском хозяйстве Центрального Казахстана. АЛЖИР (Акмолинский лагерь жён изменников Родины) – лагерь для женщин, чьи родственники были репрессированы. Степлаг – лагерь, где заключённые использовались на тяжёлых промышленных и строительных работах, в том числе в горнодобывающей отрасли.

По данным исследований, на территории нашей области было репрессировано более 5,5 тысяч человек. Долгое время судьбы многих из них оставались неизвестными, пока доступ к архивным материалам не позволил восстановить историческую картину событий.

В 1993 году был принят Закон Республики Казахстан

различным оценкам, опубликованы исследования и книги, отражающие судьбы более 150 тысяч человек. В 2020 году была создана Государственная комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий, целью которой является завершение процесса юридической и исторической реабилитации всех категорий пострадавших и восстановление их добрых имён.

31 мая также является днём памяти жертв массового голода, охватившего Казахстан в XX веке. Особенно трагическими стали голод 1921–1922 и 1931–1933 годов, приведшие к гибели миллионов людей. Голод 1931–1933 годов был частью масштабного кризиса, связанного с коллективизацией, изменением хозяйственного уклада и изъятием скота у населения. К 1933 году из 40 млн. голов скота в Казахстане осталась примерно одна десятая часть. Для казахского общества, традиционно основанного на скотоводстве, это имело катастрофические последствия. По различным оценкам, в результате голода погибло от 1,5 до 2,5 миллионов человек, значительная часть населения была вынуждена покинуть родные земли. Также в послевоенные годы фиксировались локальные продовольственные трудности, усугубившие социально-экономическое положение населения.

Сегодня День памяти жертв политических репрессий и голода имеет важное историко-нравственное значение. Он напоминает о необходимости сохранения исторической правды, уважения к человеческой жизни и укрепления национального самосознания.

Память о трагических событиях XX века способствует осмыслению прошлого и формированию ответственности за будущее, основанное на принципах гуманизма, справедливости и уважения к человеку.

К.М. НАУАНОВА,

кандидат философских наук, старший преподаватель ОП «Социальные науки»,

Т.Т. ШАЙХИЕВ,

старший преподаватель ОП «Социальные науки»

ЗАМАНА ӨЗГЕРСЕ ДЕ, ҚҰНДЫЛЫҚ ӨЗГЕРМЕУІ ТИІС!

Адамзат баласы бүгінде ғылым мен техниканың бұрынсоңды болмаған жетістіктеріне куә болып отыр. Кеше ғана қиял болып көрінген дүниелер шындыққа айналды. Ақпарат әлемі алақанға сыйды, жер шарының екі шетіндегі адамдар бір-бірімен санаулы секундтар ішінде тілдесетін мүмкіндікке ие болды. Алайда өркениет көшінің алға жылжуымен қатар адамзаттың жан дүниесін алаңдататын күрделі мәселелер де көбейіп келеді. Соның ең өзектісі – рухани дағдарыс пен адамгершілік құндылықтардың әлсіреуі.

Қазіргі қоғамда адамның сыртқы келбетіне, материалдық жағдайына, атақ-даңқына ерекше мән беріледі. Ал жүрек тазалығы, адамгершілік, мейірім, адалдық секілді қасиеттер екінші орынға ысырылып бара жатқандай әсер қалдырады. Көпшілік үшін байлық бақыттың өлшеміне айналған заманда адам жанының байлығы ұмыт қалып жатқан жоқ па деген сауал еріксіз туындайды, өйткені адамзат тарихында ешқандай алтын мен күміс, ешқандай сарай мен байлық адамгершіліктің орнын басқан емес. Бүгінгі күні адамдардың бір-біріне деген жанашырлығы бұрынғыға қарағанда азайып бара жатқандай көрінеді. Көшеде құлаған адамға көмектесуден бұрын оны бейнекамераға түсіруге асығатындар кездеседі.

Технология дамыған сайын адамдардың бір-бірімен шынайы қарым-қатынасы да өзгеріп барады. Бір үйдің ішінде отырып-ақ әркім өз телефонына үңіліп, өз әлемінде өмір сүреді. Бұрын кешкі дастарқан басында айтылатын әңгімелердің орнын үнсіздік басты. Ата-ананың ақылы мен ақ батасын әлеуметтік желідегі қысқа бейнероликтер алмастыра бастағандай. Бұл – көзге көрінбейтін, бірақ қоғамның іргесін әлсірететін үлкен мәселе. Әлеуметтік желілер адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Оның пайдасы тұстары көп болғанымен, зиянды жақтары да аз емес.

Рухани дағдарыстың тағы бір көрінісі – кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі. Кітап – адамзаттың ғасырлар

бойы жинаған ақыл-ойының қазынасы. Кітап оқыған адам ойлануға, саралауға, дұрыс шешім қабылдауға үйренеді.

Қоғамдағы тағы бір маңызды мәселе – үлкенге құрмет пен кішіге ізеттің әлсіреуі. Қазақ халқы ежелден ата-ананы ардақтауды, қарттарды құрметтеуді басты құндылық санаған. «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген нақыл сөз бекер айтылмаған. Алайда бүгінде кейбір қарттардың жалғыздықтың азабын тартуы, қарттар үйлерінің көбеюі жүректі ауыртады. Бұл – тек бір отбасының емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Рухани дағдарыстың тереңдеуіне әсер етіп отырған себептердің бірі – отбасы құндылықтарының әлсіреуі. Қазақ халқы ежелден «Отан – отбасынан басталады» деп бекер айтпаған, себебі адамның бойындағы алғашқы адамгершілік қасиеттер де, ізгі мінез де, үлкенге құрмет пен кішіге қамқорлық та отбасы шаңырағында қалыптасады. Бүгінгі таңда көптеген ата-ананың бала тәрбиесіне уақыт бөле алмауы, отбасы мүшелерінің бір дастарқан басында сирек жиналуы, рухани байланыстың әлсіреуі қоғам үшін үлкен мәселе болып отыр. Осы тұста қазақтың даңқты перзенті Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы тәрбие мектебі еріксіз ойға оралады. Болашақ батырдың тұлға болып қалыптасуына әжесінің ықпалы ерекше болғаны шығармада әсерлі суреттеледі. Әжесі айтқан ертегілер мен аңыздар, батырлар туралы хикаялар бала Бауыржанның қиялын қанаттандырып қана қоймай, оның бойына ұлттық рух пен адамгершілік қасиеттерді сіңірді. Халық даналығымен сусындап өскен бала кейін ел қорғайтын ер азаматқа айналды. Қазіргі заман балаларының көпшілігі ертегі тыңдап емес, телефон экранына үңіліп өсіп келеді. Әженің әлді мен тағылымды әңгімесін әлеуметтік желі алмастыра алмайды. Себебі ұлттық тәрбие мен рухани байлық адамның жүрегіне тек отбасының жылуы арқылы дариды. Сондықтан рухани дағдарыстан шығудың бір жолы – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі болған отбасы институтын нығайту, ата-әже

өнегесін, әке беделін, ана мейірімін қайтадан қоғамның басты құндылығына айналдыру. Сонымен қатар адал еңбек пен жеңіл табыс арасындағы таңдау да бүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналды. Кейбір жастар тез байып кетуді армандайды. Еңбекпен жеткен табыстың қадірін ұмытып, қысқа жол іздеуге ұмтылады. Алайда тарих дәлелдегендей, адал еңбекпен келген жетістік қана баянды болады. Еңбекқорлық пен табандылық адамды шыңға шығаратын ең сенімді жол болып қала береді.

Қазіргі қоғамда буллинг пен кибербуллинг мәселесі де алаңдатарлық деңгейге жетті. Әлеуметтік желілерде біреуді келемеждеу, қорлау, ар-намысына тию секілді әрекеттер жиі кездеседі. Бір ауыз ауыр сөздің адамның тағдырына әсер етуі мүмкін екенін көпшілік ескере бермейді. Сондықтан адамдар арасында сыйластық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру аса маңызды. Экологиялық мәселелер де рухани мәдениетпен тікелей байланысты. Табиғатты қорғау – тек заңның талабы емес, адамдық парыз. Өзен-көлдерді ластау, ағаштарды кесу, қоршаған ортаға немқұрайлы қарау адамның табиғат алдындағы жауапкершілігінің әлсірегенін көрсетеді. Табиғатты аялау – болашақ ұрпаққа деген қамқорлықтың белгісі. Адамгершілік құндылықтардың әлсіреуіне қарсы тұратын ең күшті құрал – тәрбие. Тәрбие отбасынан басталып, мектепте жалғасады, қоғамда қалыптасады. Баланың бойына мейірімділік, адалдық, жауапкершілік секілді қасиеттер ерте жастан сіңірілсе, ол болашақта саналы азамат болып өседі. Сондықтан бүгінгі таңда білім берумен қатар тәрбие мәселесіне де ерекше көңіл бөлу қажет. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтары рухани дағдарысты еңсерудің маңызды тірегі бола алады. Рухани дағдарыс – бүгінгі қоғамның ең күрделі мәселелерінің бірі. Технология қаншалықты дамыса да, адамгершілік құндылықтарсыз қоғамның болашағы жарқын болмайды. Мейірім мен ізгілік, адалдық пен әділдік, құрмет пен жауапкершілік секілді қасиеттер әр адамның жүрегінде өмір сүргенде ғана қоғам кемелдене түседі.

Айша МАХАМБЕТҚЫЗЫ

Қазақстан Республикасы Президенті атындағы шәкіртақы иегері

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін кеңес халқын тағы бір зұлмат ауыр сынақ күтіп тұрды. 1921 жылғы қыста қардың, жазда жауынның болмауы кеңес елінің көптеген өңірлерін әсіресе, Еділ бойы аудандарын құрғақшылыққа ұшыратып, оның соңы ашаршылық нәубетіне әкелді. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша 20 млн астам адам аштыққа ұшырады. Ал 1920-1922 жылдары Бөкей губерниясының халқы да ашаршылық қасіретін басынан өткізгенін Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив қорында сақталған тарихи деректер дәлелдейді.

Демек, біріншіден, азаматтық қарсыласу соғысы, өлкедегі ақ гвардияшылар мен казак әскерлерінің жергілікті халықты қырып-жойып тонаушылық көрсеткен қиянаты, озбырлығы, екіншіден, өлкеде орны алған қуаңшылық, жұт салдарынан жаппай малдың қырылуы 1920-1922 жылдары Бөкей губерниясының халқын ашаршылыққа ұшыратып, күйзелтті.

Мәселен, осы кезеңде Бөкей губерниясындағы жылқы саны 146,0 мыңнан 49,0 мыңға, ал қой басы 1,3 миллионнан 0,4 миллионға кемиді. Сөйтіп, 1921 жылы Бөкей өлкесінде соғысқа дейінгі мал санының 20% ғана қалады.

Ашаршылыққа ұшыраған елдегі халықтың ауыр жағдайын сол кезеңде Тарғын уездік Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болған Х. Чурин: «1919-1921 жылдарда әсіресе Бөкей губерниясы мен оған шектес облыстарда бандалық әрекет күшейіп кетті. ... 1921 жыл өте ауыр болды. Волга және Бөкей губерниясында болған қуаңшылық салдарынан халық ашаршылыққа ұшырады. Аштықпен қабаттасып, сүзек, тырысқақ аурулары етек алды. Бөкей губерниясының оңтүстік шағыл құмды бөлегінің жағдайы өзгелерден біршама тәуір болды. Олар құмда өскен құмаршықпен күнелтіс жасады. Бұл аймақта мал жайылымы да жақсы болды. Ал облыстың құрғақдалалы Тарғын, Таловка, Жаңақала уездерінің халқы ашаршылықтан мықтап жапа шекті. Бұл елдер қолындағы бар малын сойып алды. Бірақ астықсыз бір ғана ет адамға жөнді азық бола алмады. 1921 жылдың аяқ кезінде көптеген семьялар әбден ашығып өле бастады. Жұт жеті ағайынды дегендей, осындайда жау жағадан алып, ақ гвардияшыл бандалар да жауыздықты өршітті. Олар онсыз да ашығып отырған халықтың ақтық астығын, малын тартып алып, талан таражыға түсірді», - деп баяндайды.

Демек, 1921 жылдың тамыз айында Қазақстанның Орынбор, Ақтөбе, Орал және Қостанай губерниялары мен бірге Бөкей губерниясы да аштықтан зардап шеккен аймақтар тізіміне ресми түрде енгізілді. Бұл губернияларда ашаршылық 1558927 тұрғыны бар 1048100 шаршы метр аумақты қамтып, барлық ашыққан адамдар саны 1508900, оның ішінде 176500 адам Бөкей губерниясының үлесіне тиеді.

1921 жылдан бастап Бөкей губерниясында, әсіресе Тарғын, Талов уезінің жерлеріндегі ашаршылық қасіреті туралы Х. Чурин «Дауылды жылдарда» атты еңбегінде: «Бөкей губерниясының тек солтүстік шағыл құмды бөлегінің жағдайы өзгелерден біршама тәуір болды. Олар құмда өскен құмаршықпен күнелтіс жасады. Бұл аймақта мал жайылымы да жақсы болды. Ал облыстың құрғақ далалы Тарғын, Таловка, Жаңақала, уездерінің халқы ашаршылықтан мықтап жапа шекті. Бұл елдер қолындағы бар малын сойып, алды, бірақ астықсыз бір ғана ет адамға жөнді азық бола алмады. 1921 жылдың аяқ кезінде көптеген семьялар әбден ашығып, өле бастады. Жұт жеті ағайынды дегендей, осындайда ақ гвардияшыл бандылар да жауыздықты өршітті. Олар онсыз да ашығып отырған халықтың ақтық астығын, малын тартып алып, талан-таражыға түсірді», - деп баяндайды. Сондай-ақ аштық аптын көзімен көрген ол: «1921-1922

жылдардың қысында адамдар аштан көп өлді. Уезд орталығы болған кенттің көшелерінде біз таңғы сағат 5-6-ларда кейде ондаған адам өліктерін жинайтынбыз. Мынандай бір оқиға менің есімде қалыпты. 1922 жылы май айында бір күні Жәнібек поселкесіне жақын жердегі танысымның үйіне бардым. Сол кезде әлдеқайдан жаяулап бір аш адам келді. Ол баяғы жалшы Нәби Тұралиев екен. 1921 жылы алыстағы бір дәулетті адамға жалшылыққа тұрыпты. Сол жылы мал қырылып, жалдаған қожалары жұтап, аштан өліпті де, Тұралаиев талай жер жүріп, уезд орталығына әрең жетіпті. Бейшара күптей болып ісіп кеткен, көздері мүлдем көрінбейді. Мен үй иелеріне алдын ала ескертіп, оған тамақты бірден көп бермеу керек дедім, ал ол үй иесінің берген тамағын місе тұтпай қайта-қайта тамақ сұрап жалына бастады. Бірден тамақ көп жесе, өліп кететінін ескерткеннен кейін ғана ол біраз тынышталды. Үй иесі әйел қалған тамақты тығып қойыпты. Мен ол ауылдан кетіп қалдым. Ал әлгі адам әйелдің қалған тамақты қайда қойғанын байқап қалса керек, үйдегілер сыртқа шығысымен қалған тамақты алып жейді де үйден кетеді. Екі жүз қадамдай жерге барғанда ауырып, ойбайлап, домалап, жылап-еңіреп ажалдан құтқара көріндер деп жалбарынады. Бірақ ол сорлының өміріне араша тұруға мүмкіндік болмаған, бейшара тамаққа тойғаннан кейін үш

жөніндегі комиссия құрылып, ол жедел түрде жергілікті бөлімшелердің ашыққандарға көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырып басқаруға кіріседі.

Бұл аталмыш комиссия уездік және облыстық комиссия мүшелерінің атқаратын нақты тапсырмаларын көрсетіп 10 пункттен құралған арнайы нұсқау (инструкция) дайындайды. Нұсқауда уездік және облыстық жерлерде комиссия бөлімшелерін құру қажеттігі, ауқатты адамдардан қарызға алған малды сойып ашыққандарды тамақтандыру, ата-анасы жоқ қараусыз қалған балалар үшін жатаханалар ашу, жұқпалы ауруларға қарсы күрес шараларын ұйымдастыру жұмыстары көрсетіліп, ашаршылыққа қарсы атқарылған істер туралы губерниялық комиссияға 2 аптада бір рет есеп беру міндеттелді.

Қамыс-Самар қысымындағы аштықпен күрес комиссиясының жүргізген жұмыстары туралы облыстық атқару комитетіне жасаған мәлімдемесінде: болыстық комиссиялар құрылып, тамақтандыру пункттерінің ашылғаны, союға мал таппаған ауылдарда балық аулау топтарын құрып, аш адамдарға балық үлестірілгені, Жаңақала ауылында жетімдер үшін 50 кісілік асхана ашылғаны, аш және ауру адамдар үшін 50 пұт астық берілгенін, алайда қысым территориясында іш сүзегі ауруы

бар, соның тізімін жасауы тиіс болды осы тізімдер болыстық атқару комитеттерінің бекітуіне жатқызылды».

Бөкей өлкесіндегі ашаршылық апаты сүзек, тырысқақ, оба және басқа да, қауіпті жұқпалы аурулармен қоса қабат жүргенін Бөкей губерниялық денсаулық сақтау бөлім меңгерушісінің 1922 жылы 30 қазан күні губерниялық аштық салдарымен күрес комиссиясына берген мына мәлімдемесінен анық көреміз: «6 ай бойынша, яғни, 1 қаңтар – 1 шілде аралығында іш сүзегінен 118 адам ауырып, 8-і қайтыс болды, бөртпе сүзегінен 232 адам ауырып, 35-і қайтыс болды, аштық салдарынан 1272 адам ауырып, 255 -і қайтыс болды. 423 адам тырысқақпен ауырып, 227-і өлді». Бұл архив дерегін жоғарыда айтылған Х.Чуридің: «1922 жылдың басында аштықтың етек алғаны соншалық, үкімет ашығып жатқан халыққа азық-түлік жөнінен дереу жәрдем беруге мәжбүр болды. Губерниялық және уездік азық-түлік комитеттері жергілікті Советтер арқылы ашыққандарға азық-түлік өнімдерін – ұн, шай, өсімдік майын үлестіріп бере бастады. Елді мекендерде, поселкелерде, темір жол станцияларында аштарға арнап тамақтандыру пункттері және олардың жанынан жатаханалар ұйымдастырылды. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек мөлшерін толық келтіре алмаймын. Дегенмен осы көмектің арқасында көптеген семьялар өлімнен

БӨКЕЙ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ

(1920-1922 ЖЖ.)

сағаттан соң ауыр азаптан өледі», - деп жазды.

Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің (БОАК) декреті бойынша 1921 жылдың 8 шілдесінде ашыққан адамдарға жәрдем беру үшін арнайы комиссия (ЦК Помгол) құрылады. БОАК-нің төрағасы М.И.Калинин басқарған бұл комиссияның негізгі міндеттері: аштықтың көлемін анықтау, жеке губерниялар мен уездерден келіп түскен шағымдарды қарастыру, ашаршылыққа қарсы күрес қызмет түрлерін ұйымдастыру болды.

Орталықтың қабылдаған шешімінен соң іле - шала 1921 жылы 18 шілдеде РК(б)П-ның Қазақ облыстық комитетінің арнайы шақырылған пленумында Қазақ Орталық Атқару Комитеті жанынан жергілікті ашыққан халыққа көмек көрсету үшін комиссия (Компомгол) құру туралы шешім қабылданды. Комиссия құрамы Қазақ ОАК, Ұлттар халкомы, Жер қатынасы халкомы, Өлеуметтік қамсыздандыру халкомы, Бас статбюро өкілдері кірді.

Сөйтіп, 1921 жылдың 20 қыркүйегінде ҚазОАК-тың жанынан ашыққандарға көмек беру комиссиясы (бұдан әрі Компомгол) құрылды. Аталмыш комиссия төрағасы болып С.Мендешов, оның орынбасарлары А.Байтұрсынов пен М.Әуезов сайланды. Осылайша елдегі барлық комиссиялар қызметін Қазақстан ОАК-і жанынан ұйымдастырылған, ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі Орталық комиссия үйлестіріп отырды.

Республиканың губерниялық және уездік атқару комитет жандарынан ашыққандарға көмек көрсету жөнінде арнаулы комиссия құрылды. Мәселен, ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі Орталық комиссияның №18995 санды жеделхатының негізінде 1921 жылы 8 тамызда Бөкей губерниясында ашыққандарға көмек көрсету

азайғанмен ең қатерлі оба пайда болды. Медицина штатының қызметін күшейту қажет деп көрсеткен.

Ал губернияның Тарғын уезіндегі ашаршылыққа қарсы күрес жөніндегі төтенше комиссия Жәнібек кентіне орналасты. Кеңес аппаратының және партияның уездік органдарының барлық қызметкерлері дерлік ашаршылықпен күресті ұйымдастыру үшін шалғай ауылдарға жіберіледі. Уезд орталығында ашыққандарға арналған 8 тамақтандыру пункті жұмыс істеді, ата-анасыз қалған балалар үшін жатахана ұйымдастырылды.

1922 жылдан бастап аштық Бөкей губерниясында, әсіресе Тарғын, Талов және Жаңақала аудандарында өрши түседі. Жергілікті өкімет органдарының аштықпен күрес жөніндегі қызметі және республика үкіметінің ашыққан аудандарға көмегі туралы губерниядағы ашаршылық қасіретін көзімен көрген Х. Чурин мен Ж. Сәрсекөвтың жазбаларында былайша сипатталады: «... мемлекет тарапынан көрсетілген көмекке қоса жергілікті жерлерден қосымша көмек көздерін іздестіруге тура келді. Теміржолдан шалғайдағы құм жоталары арасында жатқан болыстардың бірқатар адамдарын құтқару үшін төтенше жедел шаралар қолданылды. Ашыққан халыққа көмек көрсету мәселесін шешу үшін Жәнібекке С. Меңдешов келді. «Сіздер әлі жас болсаңыздар да, – деді ол – дегенмен уезді басқарып отырсыздар ... партия мен үкімет сіздерге барлық адамдарды аштықтан құтқару міндетін жүктеп отыр. Ауқатты шаруалардың мүмкіндіктерін қарастыру қажет, революциялық заңның революциялық қатал тәртібі де болады. Осыдан кейін біз әр болысқа бір-бір адамнан жібердік. Олар болыстық атқару комитеттерінің жандарынан комиссиялар ұйымдастыруы, көмек ретінде, кімде қанша мал, қанша астық, қанша ақша



аман қалды» деген естелігі дәлелдей түседі.

Осылайша Бөкей губерниясындағы ашаршылықтың салдарынан халықтың жаппай қатерлі жұқпалы ауруларға шалдығуы, өлкеде емханалар мен ауруханалардың және дәрі-дәрмектердің жетіспеуі ел ішінде адам өлімінің санын көбейтіп, нәтижесінде бұл Бөкей өңірінің демографиялық құлдырауына әкеліп соқтырады.

Түйін деп айтқанда, Бөкей губерниясындағы 1920-1922 жылдардағы ашаршылық елге зұлмат әкеліп, аймақтағы шаруашылықтарды күйзелтіп қана қоймады, халықтың демографиялық өсуіне де өз зардабын тигізді. Демек, өлкедегі халық санының төмендеуі аймақтағы экономиканың дамуын тежеді. Нәтижесінде Бөкей даласы елді мекендер сирек қоныстанған аймаққа айналды.

Б.С. БОРАНБАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Жас мамандардың өндіріс әлеміне сапары

Оқу практикасы аясында 6B05301 «Химия» БББ 1-курс студенттері (Хим-11, Хим-12 және Хим-13 топтары) «KazPolymerPlast» ЖШС полиэтилен құбырларын өндіру зауытына экскурсия жасады.

Кәсіпорын сумен жабдықтау, кәріз жүйелері, газбен жабдықтау және телекоммуникация салаларына арналған полиэтилен құбырларын өндіруге маманданған. Экскурсия барысында студенттер заманауи өндірістің жұмысымен танысып, полимерлік материалдарды өңдеу технологияларын тәжірибелік тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік алды.

Цех басшысы Қанат Байтақов болашақ мамандарға полиэтилен құбырларын үздіксіз экструзия әдісімен өндірудің негізгі кезеңдерін жан-жақты таныстырды. Атап айтқанда, шикізатты дайындау және беру, материалды балқыту, құбыр дайындамасын қалыптау үдерістері түсіндіріліп, өндірістік желінің жұмыс істеу ерекшеліктері көрсетілді.

Студенттер өндірісте қолданылатын заманауи жабдықтардың қызметімен танысып қана қоймай, өнім сапасын бақылау әдістері мен еңбек қауіпсіздігі талаптары жөнінде де құнды мәліметтер алды. Мұндай тәжірибелік сабақтар теориялық білімді нақты өндірістік ортада бекітуге және кәсіби құзыреттерді дамытуға ықпал етеді.

Экскурсия нәтижесінде білім алушылар полимерлік материалдардың қасиеттері мен оларды өңдеу технологиялары туралы түсініктерін кеңейтіп, болашақ мамандықтарының өндірістегі маңызын тереңірек ұғынды.

Оқу практикасына Биология, химия ғылымдары және қоршаған орта БББ аға оқытушылары А.Г. Абдрахманова мен Г.Ж. Сдықова жетекшілік етті.

Өндіріс пен білім тоғысқан тәжірибе алаңы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 6B05301 «Химия» білім беру бағдарламасының 1-курс студенттері (Хим-11, Хим-12, Хим-13 топтары) оқу практикасы аясында «Packaging System» ЖШС полипропиленді өңдеу зауытына танымдық экскурсия жасады.

Экскурсияның негізгі мақсаты - студенттердің теориялық білімін өндірістік тәжірибемен ұштастырып, заманауи химиялық-технологиялық үдерістермен таныстыру болды. Зауытқа сапар барысында болашақ химиктер полипропилен шикізатын өңдеуден бастап дайын биг-бэг өнеркәсіптік қаптамаларын шығаруға дейінгі өндірістің толық циклін бақылауға мүмкіндік алды.

Кәсіпорын мамандары студенттерге өндірісте қолданылатын негізгі шикізат - полипропилен түйіршіктерінің қасиеттері мен оларды өңдеу ерекшеліктері туралы жан-жақты ақпарат берді. Сондай-ақ берік полипропилен жіптерін дайындау, тоқылған мата өндіру және одан биг-бэг қаптамаларын әзірлеу кезеңдері көрсетілді.

Экскурсия барысында өндірістің маңызды технологиялық сатыларына ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, полипропиленді балқыту, экструзиялау, ламинациялау және дайын өнімді қалыптастыру процестері таныстырылды. Сонымен қатар студенттер кәсіпорынның химиялық зертханасының жұмысымен

танысып, өнім сапасын бақылау әдістерін көрді. Зертханада матаның тығыздығы мен беріктігі, тігістердің жүк көтергіштік қабілеті және материалдың механикалық төзімділігі арнайы сынақтар арқылы тексерілетіні түсіндірілді.

Мұндай өндірістік экскурсиялар студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, олардың таңдаған мамандығына деген қызығушылығын нығайтады. Сонымен бірге білім алушылардың өндірістік орта туралы түсінігін кеңейтіп, болашақ кәсіби қызметіне қажетті тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Аталған іс-шара оқу практикасының жетекшілері Абдрахманова А.Г. мен Сдинова Г.Ж.-ның ұйымдастыруымен өткізілді. Өндіріс орнында алған тәжірибе студенттердің кәсіби дамуына оң әсер етіп, теория мен тәжірибенің өзара байланысын терең түсінуге мүмкіндік берді.

Камшат УДРЕЕВА,

Жаратылыстану - география факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

Тағылымды таным сапары

Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық академиялық филармониясының «Атамекен» өнер ордасында жас өнерпаздардың тағылымды таным сапары өтті.



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Мәдениет және өнер факультетінің режиссура, хореография және мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр Гүлжазира Ермекқызы Жұмағалиеваның жетекшілігімен «Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасының 1 курс студенттері оқу практикасы аясында өнер ордасының тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысты.

Болашақ мәдениет саласының мамандары концерттік және конференция залдарын аралап, филармония музейіндегі құнды жәдігерлермен танысты. Сондай-ақ

өнер ұжымдарының шығармашылық қызметі, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру ерекшеліктері және мекеменің күнделікті жұмыс барысы жөнінде жан-жақты мағлұмат алды.

Тағылымды кездесу студенттердің кәсіби көкжиегін кеңейтіп, мәдениет саласының қыр-сырына тереңірек бойлауға мүмкіндік берді. Өнер мен тәжірибе тоғысқан бұл сапар жас мамандардың болашақ мамандығына деген қызығушылығын арттыра түсті.

Ғ.Құрманғалиев атындағы БҚО Академиялық филармониясының ресми парақшасынан алынды

5 маусым - Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай факультеттің экологиялық клубы «Таза табиғат - жарқын болашақ кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Тағылымды шараның басты мақсаты - жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне назар аудару және табиғатты аялауға үндейтін құндылықтарды дәріптеу.

Табиғатты қорғау - болашаққа жасалған қамқорлық



Іс-шараға оқытушылар, студенттер және экологиялық клуб мүшелері қатысып, бүгінгі күннің өзекті экологиялық мәселелері төңірегінде ой бөлісті. Кездесу барысында қоршаған ортаның қазіргі ахуалы, табиғатқа антропогендік әсердің салдары және экологиялық тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығы жан-жақты талқыланды.

Дөңгелек үстелде тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу мәдениетін дамыту, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және жасыл технологияларды енгізу мәселелері көтерілді. Қатысушылар табиғатты қорғау бағытындағы жеке жауапкершілік пен қоғамдық белсенділіктің рөліне ерекше тоқталды.

Шара аясында 6B05201 - «Экология» БББ 3-курс студенті Қадырғали А. «Атырау облысының экологиялық жағдайы» тақырыбында баяндама жасап, өңірдегі экологиялық ахуалға талдау жүргізді. Сонымен қатар қоршаған ортаның сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар ұсыныстарын ортаға салды.

Белсенді пікір алмасу нәтижесінде экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталған маңызды ұсыныстар қабылданды. Факультеттің ардагер ұстазы Қ.Б. Булатова жас экологтарға ізгі тілегін білдіріп, табиғатты қорғау жолындағы еңбектеріне табыс тіледі. Оның айтуынша, қоршаған ортаны қорғау - тек мамандардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Табиғатты аялау - бүгінгі ұрпақтың келешек алдындағы жауапкершілігі. Сондықтан қоршаған ортаны қорғауға бағытталған осындай игі бастамалар экологиялық сананы қалыптастырып қана қоймай, қоғамның табиғатқа деген жанашыр көзқарасын нығайтуға қызмет етеді.

Камшат УДРЕЕВА,

Жаратылыстану – география факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

Біздің түсінігімізде жеке ақпараттық-білім беру кеңістігі – материалдық-идеялық құрылым. Ол, біріншіден, индивидке білім алу мақсатында қолжетімді әлемдік мәдениеттің белгілі бір бөлігін (қоғамдастырылған білімді қоса алғанда) қамтиды; екіншіден, индивидтің тезаурусын, яғни субъект игере алатын мәдениет бөлігінің құрылымдалған бейнесін білдіреді. Бұл тұрғыда индивидтердің АБК-лары социумның ақпараттық-білім беру кеңістігі кеңейетін «нүктелер» ретінде көрінеді: қоғамдағы білім жеке адам санасында игеріліп, әрі қарай жаңа сұраныстар туғызады, жаңа мәдени-танымдық бағдарлар қалыптастырады.

Сонымен бірге, әлеуметтік АБК-ны индивидтердің АБК-ларының қарапайым жиынтығы деп қарастыру жеткіліксіз. Өйткені кез келген уақытта: әлемдік мәдениеттің тек бір бөлігі ғана сұранысқа ие болады, қоғамдастырылған білімнің бәрі бірдей индивидтердің жеке АБК-сында бейнеленбейді; индивидтер иеленетін білімдердің бәрі бірдей құжатталып, қоғамдастырылған білімге айналмайды. Демек, әлеуметтік және жеке кеңістіктер арасында тұрақты қозғалыс бар: қоғамнан адамға білім келеді, ал адамнан қоғамға – тәжірибе, ой, интерпретация және жаңа сұраныстар қайтады.

Жеке АБК ұғымы тезаурус арқылы терең ашылады. Тезаурус – әртүрлі ғылым салаларында қолданылатын, көпқырлы түсінік. Психологиялық зерттеулерде ол «әлем моделі», «әлем бейнесі», «орта моделі» түрінде сипатталады; философия, социология, филология, психология және информатика тезаурусты индивидтің қоршаған әлем туралы білім қоры, санасында табиғи түрде қалыптасқан білімдер жүйесі, сөздер арқылы өрнектелген ұғымдар жүйесі ретінде түсіндіреді. Тезаурустың құрылымдық ұйымдасуы, этно-әлеуметтік-мәдени шарттылығы, сандық көлемі зерттелетіні белгілі. Ұлттық орта, мәдениет типі, тілдік бейне; гендерлік, әлеуметтік топтық айырмашылықтар адамның құндылықтарын, бағдарларын, өмірлік тәжірибесін өзгертеді, сәйкесінше тезаурусқа ықпал етеді.

Қоршаған әлемді танып-біле отырып, бала өз санасында сол әлемнің моделін, концептуалдық бейнесін құрастырады. Индивид санасында бейнеленген әлем – екінші реттік бейне: ол адамның танымдық әрі шығармашылық қызметіне тәуелді. Тезаурус кез келген жаста адамның санасы қамти алатын қоғамдастырылған білім бөлігінің «бейнесі» ретінде дамиды: әуелі бақылау деңгейінде, кейін абстракция және абстракцияны жүйелеу деңгейінде күрделене түседі.

Тезаурустық тәсіл индивид тезаурусның маңызды белгілерін айқындайды:

- оның мәдениеттің нақты дамуымен салыстырғанда әрдайым толық еместігі, фрагментарлығы, бірақ жеке білім жүйесі арқылы сақталатын тұтастығы;
- мәдениетті игеру деңгейлерінің көптігі, иерархиялық құрылымы, құндылық призмасы арқылы қабылдануы;
- өзгермелілік, шығармашылық қайта пайымдау және бағдарлаушы функция;
- әрекеттік әрі әлеуметтендіруші сипаты, адамның мінез-құлқына ықпалы.

Осы белгілер жеке АБК-ның құрылымын және даму бағытын анықтайды. Сондықтан кітапханалар қызметінде бұл ерекшеліктер екі деңгейде ескерілуі тиіс: бір жағынан әлеуметтік АБК-ны ұйымдастыруда, екінші жағынан баланың жеке ақпараттық-білім беру кеңістігін кеңейтуге ықпал етуде.

Жеке және әлеуметтік ақпараттық-білім беру кеңістіктерінің өзара байланысын түсіндіретін модельдерде әлеуметтік АБК әрдайым индивидке қатысты «сыртқы кеңістік» ретінде көрінеді. Индивид қоғам тарапынан объективтілігі тексерілген білімді қабылдайды, бірақ оны міндетті түрде ішкілендіріп, қайта құрылымдайды. Жеке тезаурустардың толық тоғде болуы мүмкін емес: адамдардың тәжірибесі, құндылықтары, мотивациясы, әлеуметтік жағдайы әртүрлі болғандықтан, олардың АБК-лары толық қабаттаспайды, тек белгілі бір бөлікте қиылысады. Индивид тезаурусның белсенділігі жеке

Әлеуметтік ақпараттық кеңістікпен қатар әрбір адамның өмірінде жеке ақпараттық кеңістік және оның құрамдас бөлігі – жеке ақпараттық-білім беру кеңістігі қалыптасады. Әлеуметтік ақпараттық-білім беру кеңістігі қоғам тарапынан құрылады: онда мәдениет, ғылым, білім және тәжірибе жинақталып, коммуникация арналары арқылы таратылады. Ал жеке АБК-ның қалыптасуы индивидтің міндетті әлеуметтік білімдер жиынтығын игеру қажеттілігімен және қоғамның интеллектуалдық, мәдени, технологиялық салаларына кірігуге деген сұранысымен байланысты. Яғни, әлеуметтік кеңістік – адамға сырттан ұсынылатын білімдер ағынының жүйесі болса, жеке кеңістік – сол ағынның адамның ішкі танымдық құрылымына сәйкес қабылданып, қайта өңделген, мақсатқа бағытталған бөлігі.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖӘНЕ БАЛАҒА ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫҚ-БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІ

АБК-ны кеңейтетін қозғаушы күштермен – ақпараттық қажеттіліктермен байланысты.

Сонымен қатар, әлеуметтік АБК толық көлемде бірден ұғынылып, адам әрекетіне түгел тартылмайды. Физикалық қолжетімділік (ресурсқа жету) жеткіліксіз: адамның білім алуға құндылықтық бағдарлары, формалды және формалды емес білімге ұмтылысы жеке АБК-ның шекарасы мен құрылымын белгілейді. Осы жерде әлеуметтік институттардың, әсіресе кітапханалардың рөлі күшейеді: олар ақпараттық технологиялар көмегімен және танымның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, адамға қолжетімді әлеуметтік АБК көлемін кеңейте алады.

Жеке АБК мәселесін зерттеуде когнитивтік тәсіл маңызды. Ол білімді ұсыну, сақтау, өңдеу, интерпретациялау және жаңа білім өндіру үдерістерін талдауға бағытталады. Қабылдау, назар, жад, тіл, ойлау, интеллект сияқты психологиялық механизмдер білім беру жүйесі мен кітапхана ісі үшін ерекше мәнге ие, өйткені олардың міндеті – білімді сақтау және жаңа ұрпаққа тиімді жеткізу.

Қазіргі әлемде сенсорлық (дыбыстық және визуалды) ақпарат көлемі өте үлкен, ал адамның қабылдау мүмкіндігі шектелуі. Сондықтан білімді жеткізудің тиімді жүйелері жас ерекшеліктерін, когнитивтік жүктемені, ақпаратты құрылымдап беру қағидаларын ескеруге тиіс. Оқу барысында когнитивтік үдерістер жүреді: мәтіндегі символдарды тану мен жадтың өзара әрекеттесуі іске қосылады. Мәтінді түсінуге оқырманның білім қоры, сирек сөздер, маңызды сөз тіркестері, қорытынды жасау ықпал етеді. Бұл балалар мен жасөспірімдерге де толық қатысты: кең ауқымды білімді игеру үшін оларға жас ерекшелігіне, тілдік тезаурус деңгейіне, бұрыннан бар білім қорына сай бейімделген әдебиет қажет.

Балалар мен жасөспірімдермен жұмыс істейтін кітапханалар әлеуметтік АБК-ны игерудің жас ерекшеліктерін ескеруі тиіс, себебі балалардың қабылдау, назар, жад, тіл, ойлау және түсіну үдерістері ересектерден өзгеше. Жас кезеңдерін сипаттайтын теориялар адамның ойлау дамуы кезең-кезеңмен өтетінін көрсетеді: сенсомоторлық кезең, операцияға дейінгі кезең (мектепке дейінгі жас), нақты ойлау кезеңі (бастауыш мектеп жасы), формалды-логикалық және абстрактілі ойлау кезеңі (жасөспірімдік шақ). Бұл кезеңдерден барлығы өтеді, алайда әлеуметтік жағдайлар айырмашылық туғызады.

Әлеуметтену мен мәдени орта факторларын психологиялық теориялар ерекше атап көрсетеді: баланың әлеуметтік интеллекті оның әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орнына – балабақшаға, мектепке, түрлі қауымдастыққа енуіне тәуелді.

Мектепке дейінгі кезеңде жеке АБК ауызша коммуникация арқылы және табиғат пен адам қолымен жасалған заттар арқылы дамиды. Бала социумды ойын қызметі және оқыту үдерісі арқылы игереді. Бұл кезеңде фондық білім, ұғымдық ойлаудың бастамалары, отбасындағы және балабақшадағы мақсатты ұйымдастырылған әлеуметтік орта шешуші рөл атқарады. Жаңаны күту, қызығушылық білімге қажеттілікті арттырып, жеке АБК-ны кеңейтеді. 6–7 жаста бала назар, жад, қиял, оқу сияқты білім алу құралдарын меңгере бастайды. Осы тұста балалар кітапханасының қатысуы өте маңызды: кітапхана баланың оқуға қызығушылығын

оятты, ата-анамен бірге оқу мәдениетін қалыптастыратын бағдарламалар арқылы (ерте жастан оқу тәжірибесі) баланың мәдени әлемін кеңейте алады.

Бастауыш мектеп жасында ғылыми білім жүйесін игеруге негіз болатын ойлау формалары дамиды, оқу әрекеті қалыптасады, бала талдау, синтез, жалпылау, жіктеу тәсілдерін меңгереді. Бұл кезеңде оқу мен жазуға қосымша ақпараттық технологиялар да таным құралына айналады: ақпаратты іздеу мен сақтаудың бастапқы дағдылары, компьютерлік дағдылар қалыптасады. Балалар және мектеп кітапханалары осы жерде «ақпарат кеңістігінің навигаторы» қызметін атқара алады: ресурстарды іріктеп ұсыну, оқу траекториясын қолдау, оқу мотивациясын күшейту, қарапайым ақпараттық сауаттылық негіздерін қалыптастыру арқылы оқушының жеке АБК-сына елеулі ықпал етеді. Сондықтан кітапхана дәл жасөспірімдік шақта оқырмандық сұранысты дамытып, оқу аясына анықтамалық басылымдар, «іскерлік» кітаптар, журналдар, ғылыми-көпшілік әдебиеттерді енгізу арқылы жеке АБК-ның кеңеюіне жағдай жасайды.

Балалық және жасөспірімдік шақта жеке АБК қалыптасады: оның негізі – жеке тезаурус, ал даму бағытын әлеуметтену деңгейі, когнитивтік және ақпараттық қажеттіліктер айқындайды. Балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік АБК-ға қолжетімділік беру, қажетті техникалық құралдарды ұсыну, білім алудың технологияларын үйрету жеке АБК дамуының бағыты мен қарқынын жетілдіреді; оқу әрекетіне және тұлғалық даму траекториясына ықпал етеді. Мұнда ең тиімді нәтиже әлеуметтендіруші институттардың үйлестірілген қызметімен байланысты: мектеп, отбасы, кітапхана және мәдени орта өзара келісімді әрекет еткенде ғана бала көп траекторияның ішінен тиімді білімді траекторияға түсе алады.

Білім беру жүйесі формалды білім алуға мүмкіндік жасап, білімді меңгеру талаптарын белгілейді және бақылауды жүзеге асырады. Жүйеленген білім тезаурусты дамытады және әлеуметтік АБК-ны игерудің құралына айналады. Кітапхана формалды білімді қолдап қана қоймай, өзін-өзі білімдендіруді, мәдени сәйкестенуді, инкультурацияны қамтамасыз етеді: құжатталған білім мен мәдениетті сақтай отырып, оған қолжетімділікті ұйымдастыру арқылы тұлғаның дамуына ықпал етеді. Білім беру мен мәдениет жүйесінің өзара ықпалдасуы бірыңғай АБК құруға, оны үйлесімді дамытуға және ақпараттық қауіпсіздікке негіз болады.

Оқу – әлеуметтік АБК-ны игерудің негізгі құралдарының бірі. Ол мәдени дәстүр, білім алу технологиясы, рухани-эмоциялық және интеллектуалдық үдеріс ретінде көрінеді. Балалардың оқу тәжірибесінің көптүрлілігі сақталуы маңызды: оқу тек тапсырма орындаумен шектелмей, танымдық, дамытушы, эстетикалық, рекреациялық функцияларды қатар атқарған жағдайда ғана толыққанды нәтиже береді. Балалар мен жасөспірімдер кітапханалары баланы мәтінді қабылдауға, бағалауға, ақпаратты білімдік мақсатта қолдануға үйретіп, оқырмандық мәдениетті қалыптастыруда жетекші орынға ие.

АБК-ны игерудің екінші маңызды құралы – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ). АКТ ықпалы екіұдай: бір жағынан әлемдік мәдениеттің үздік үлгілерін қолжетімді етіп, социумның

АБК-ын кеңейтеді; екінші жағынан бала мен жасөспірім «екі мәдениеттің шекарасында» қалып, дәстүрлі мәдениеттен алыстау мен жаңа мәдениетке толық бейімделмеу тәуекелін өткереді. Қазіргі балалардың кітап, мерзімді басылым, теледидар, радио, мультимедиа және Интернетке қатынасы өзгеруде: кітап оқу жиі түрде мектеп тапсырмасымен немесе демалыспен шектелуі мүмкін.

Сонымен бірге, электрондық ортадағы оқуға қатысты әлеуметтік тосқауылдар да бар: материалдық-экономикалық кедергілер, дәстүрлі ойлау психологиясы, АКТ дағдыларының жетіспеуі. Мұндай жағдайда «кітап па, компьютер ме?» деген қарсы қою орнына, электрондық кеңістікті оқуға тартудың, оқырмандық мәдениетті дамытудың және ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың құралы ретінде пайдалану тиімді. Интернетте цифрлық кітапханалар санының артуы, әлемдік әдеби мұра мен ғылыми-көпшілік ресурстардың қолжетімді болуы кітапхана мен білім беру ұйымдарына жаңа мүмкіндіктер ашады: онлайн-оқу акциялары, танымдық-білімдік іс-шаралар, кітап мәдениетін насихаттау жобалары арқылы жастардың оқу мотивациясын күшейтуге болады.

АКТ сонымен қатар, ақпаратпен жұмыс істеудің іздеу және аналитикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Ақпараттық сауаттылық, құзыреттілік және мәдениет меңгерілген сайын әлеуметтік АБК-ны игерудің және жеке АБК-ны құрудың құралдарына айналады. Сондықтан балаларға ерте жастан ақпараттық сұраныс құру, іздеу, таңдау, тіркеу, пайдалану және сыни бағалау дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыру маңызды. Көптеген кітапханаларда тұлғаның ақпараттық мәдениеті курстары мен оқырмандық және ақпараттық мәдениетті біріктіретін бағдарламалардың енгізілуі осы қажеттілікті көрсетеді.

Жоғарыда қарастырылған мәселелер баланың жеке ақпараттық-білім беру кеңістігі жас және психологиялық ерекшеліктерге, отбасылық ортаға және әлеуметтік институттардың ықпалына тәуелді екенін дәлелдейді. Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік АБК-ны табысты игеруі және олардың жеке АБК-сының дамуы үшін үш негізгі фактор айқындалады:

- баланың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, білімді сақтайтын әрі тарататын әлеуметтік институттардың үйлестірілген қызметі;
- әлеуметтенудің мотивациялық және операциялық қырлары: формалды білімге қатысу және өзін-өзі білімдендіру мүмкіндіктерін кеңейту (соның ішінде кітапханада);
- баланың әлеуметтік интеллекті және оның когнитивтік қажеттіліктерін қолдау.

Осы факторлар жүйелі іске асқанда ғана кітапхана балалар мен жасөспірімдердің жеке ақпараттық-білім беру кеңістігін кеңейтетін, әлеуметтік АБК-ға саналы түрде кіріктіретін тиімді әлеуметтік-мәдени институт ретінде толық әлеуетін жүзеге асырады.

Альбина АХАНОВА,

Тіл, әдебиет және ақпарат БББ оқытушысы, магистр, филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

МӘНГІ АЛАУ ЕЛІ ӨЗІРБАЙЖАНДА



Гейдар Алиевтің қолтаңбасын көруге болады. Бакуде болсаңыз міндетті түрде барыңыз!

Елдің бұлай аталуы ерте заманнан бері Каспий теңізі жағалауындағы Янар Даг жотасы беткейіндегі жер астынан шығып жатқан биіктігі бір метр, ені он метр тоқтаусыз жанып жатқан отқа байланысты аталған. Кавказ тауының шығысында орналасқан Каспий теңізі арқылы көршіміз Өзірбайжан елі қазақстандықтарға жақсы таныс деп ойлаймын. Он миллионнан астам халқының 90 % өзірбайжандардан тұратын мұсылман елі. Ақшалары құнды манат. Мемлекеттік тілі-өзірбайжан тілі. Ағылшын тілі кең қолданыста. Жастар жағының орыс тілін білмейтініне куә болдық. Өзірбайжанда туризм қатты дамыған.

Біз жақсы экскурсоводпен (Микаил) сегіз сағатта үш миллиондай халық тұратын Баку қаласымен таныстықты Гейдар Алиев орталығынан бастадық. Бұл қазіргі Баку қаласындағы архитектураның жауһары космостық масштабтағы ғимарат. Бұл ғимараттың төбесінен қарағанда

жерлер сол қалпында сақталған.

Әлемдегі ең шағын кітаптар музейі келушілерге тегін. Музейдің 95 жастағы иесі көрермендермен еркін сұхбаттасып, кітап сатып алғандарға тамаша ақ тілек автограф жазып отырған әжейді көргенде кітапқа, жалпы өмірге деген құштарлығының еселеп артқандығын жаныңмен сезінесің! Бакудегі бірнеше мешіттің ішінен таңдап Биби-Эйбат мешітіне барып зиярат еттік. Бұл мұсылман әлеміндегі аруақ қонған киелі жерлердің бірі.



Бұл мешітте Мұхаммед пайғамбардың төрт ұрпағы жерленген



Қызым Самал екеуіміз осы ғимарат жанындамыз. Екінші суретте ғимарат айналасында шағын архитектуралық мүсіндер көп, оларды жиі өзгертіп тұратын көрінеді. Мен соның біріндемін.

Енді міне Нафталан қаласына дейінгі төрт сағаттық жолдың екі жанындағы тазалық бұл елде экологиялық мәдениеттің жоғарылығын көрсетіп тұр! Негізгі әңгімеміз Нафталан туралы. Бұл Өзірбайжан Республикасының Гяндж-Дашкесан экономикалық ауданында теңіз деңгейінен 236 метр биіктікте орналасқан 10 мыңдай халқы бар қала. Нафталан мұнайы басқа мұнайлар сияқты жанбайды. Нафталан мұнайындағы көмірсутегінің құрамы адам ағзасындағы гормондарға ұқсас. Нафталан мұнайы 70 тен астам ауруды емдеуге пайдаланылады. Қазір әлемнің түкпір-түкпірінен туристер мұнаймен емделу үшін Өзірбайжанның Нафталан қаласына келеді. Мұнайдың аты «нафта» сүзілген деген сөзден шыққан. Нафталан тарихының алғашқы кезеңі 1264 жылы италян саяхатшысы Марко Поло еңбегінде мұнайдың емдік қасиеті сипатталған. Одан кейін 1873 жылы неміс инженері Э.И.Эгер мұнай өндіруге Нафталаннан жер алған. Шағын қалада 20-ға жуық шипажай бар. Біз «Карабах» шипажайында демалдық. Ас мәзірі өте бай швед столы, етті тағам түрлері өте көп. Әсіресе қой етінің дәмді дайындалуы таңдайынды жұлады. Дәмдеуіштері көбіне запрянгүлден (шафран) дайындалады. Шипажайдағы кітапхана тәулік бойы жұмыс істейді. Шипажайда сенбі жексенбі күндері әртүрлі бағыттарға экскурсиялар ұйымдастырылған. Біз Кіші Кавказ жоталарындағы «Жеті сұлу» сарқырамасына баратын экскурсияны таңдап, Нафталаннан екі сағаттық жерде аспалы жолмен көтеріліп сарқырамалар мен тауды тамашаладық. Мен негізі сезімнің адамымын. Жас кездегі Үлкен Кавказ жоталарын оңды-солды шарлағаным есіме түсіп, қазіргі жасымда бұлттар менің табанымның астында қалып, тауда саяхаттағаным балаша қуандым!



Девичья башня жанындамыз

Бакудың 100 жылдан астам теңіз жағалауы парк бульварының қазіргі ұзындығы бес жарым шақырым, ол болашақта жалғасып он шақырымнан асатыны жоспарланған. Парк 162 метр биіктікте желбіреген Мемлекеттік жалау орнатылған алаңнан басталады. Осында «Евровидение - 2012» өткен концерттік кешен Crystal Hall орналасқан. Бакуде 2017 жылдан бері «Формула-1» автожарысы Vaku City Circuit трассасында өтеді.

Қаланың жаңа символы үш Flame Towers мұнарасы. Оның бірі тұрғын үй, екіншісі бизнесорталық, үшіншісі әлемдік деңгейдегі қонақ үй. Мұнаралардың түңгі жарықтандырылуы әлемдегі ең әдемі деп мойындалған.

Осы үш мұнараға жақын «Шахидтер аллеясы» бар. Бұл Өзірбайжан елінің тәуелсіздігі жолында және бірінші, екінші Қарабах соғысында қаза болғандар жерленген бейіт-мемориал. Әрбір шахидтің

басына суретімен мәр-мәр ескерткіш қойылған қастерлі жер. Қаланың ортасындағы Баку Венециясында тамаша. Онда қайықпен серуендеп жүргендер өте көп.

Бакудың ескі қала бөлігі Ичери шехерді 2-3 сағат жаяу араладық. Бұл ЮНЕСКО-ның әлемдік қорына енген ауданы 221 мың шаршы метр тарихи - архитектуралық қорық. Мұнда 1300 дей отбасы тұрады. Аттаған сайын экзотикаға кездесесің. Девичья башня (XII ғасыр), Ширваншахтар сарайымен (XIII-XVI ғасыр) қатар кезінде бұл жерде «Бриллиантовая рука», «Человек - амфибия», «Тегеран-43» сондай-ақ Өзірбайжаннан тысқары елдерге де белгілі Узеир Гаджибейлидің «Аршин Мал Алан» фильмдері түсірілген



Гянджа қаласы көшесінде



Тарихи-өлкетану музейі жұмыс істейді. Нафталан әлемнің көптеген курорттық қалаларымен серіктес болып, бірге қызмет жасау келісіміне қол қойған. Олар: Францияның Легль, Италияның Позитано, Польшаның Унеюв, Ресейдің Есентуки, Хорватияның Иванич Град. Мен біздің елде мұндай шетелдік шипажайлармен келісім шарты бар шипажайлар туралы естімедім. Біз демалған кезде болған Қазақстандықтар тек Астана мен Алматыдан, бір отбасы Ақтау арқылы келген Атыраулықтар болды. Мақаланы жерлестеріме бауырлас Өзірбайжан еліне саяхаттаңыздар, ғажайып мұнайына шомылып, денсаулықтарыңызға шипа алыңыздар деген тілекпен жаздым. Өзге елдің оты өз елінің түтініне татымас дей тұра, әлемнің алуандығымен сұлулығын мойындап, мәңгі отты ел Өзірбайжанды тамашалап, денсаулықты түзеп қайтудың артықшылығы жоқ. Баршаңызға ақ жол тіледім!

Сұлушаш ҚҰЛМАЛИЕВА,
Ардагер ұстаз, Астана қаласы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издается с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынұлы**ЖУРНАЛИСТ**

№6 (92), маусым 2026 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы



■ Профессор табысы

Мадақтар болсаң, шын асылды мадақта

Грек ағартушысы, риторика, логика, латын тілі оқу құралдары ауторларының бірі, Падуа (*Padua*) университетінің (*Италия*) докторы, ойшыл *Лухуд Софрониустың (Софроний) (1652-1730 ж.ж.)* айтқаны бар-ды: «Егер де көкте Құдайдың, кеудемізде жанның бары рас болса, онда адамзат тірлігі де риторикадан ажырағысыз» деп. Бүгінде ойшылдың осы тұжырымының тұңғығына қаншалықты бойлай алып жүрміз. Шынтауайтында, *шешендік* - сөзбен жүзеге асырылатын әрі сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнер саласы. Демек, барлығының тізгінін өз қолына алған, күллі өнердің қасиет-күшін өз бойына жинақтаған деуге болады. Біле білсек, *шешендік* - сөйлеген сөзге тыңдаушылардың ешбір қиналыссыз құлақ қоюы ғана емес, сондай-ақ айтылған мәселеге ерекше ынта-ықылас танытып, тақырып байыбына терең бойлауға ұмтылыстың оянуына түрткі боларлықтай сөз екшей білу өнері. Олай болса, *шешендік* - дидарласушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсе болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый. Біздіңше, бүгінгі жаңа ұрпақ шешендік дағдының табыс кепілі, ақылмен билеу білігі екенін сезінуі тиіс. *Жастарымыз тарихтан кемеңгерлікті, поэзиядан шешендікті, адамгершілік философиясынан байыптылықты, логика мен көсемсөзден пікіралмасу дағдысын үйренуі тиіс.*

Асылы, жағымды дауыс қаржы табуға да сеп. Мәселен, тіл дыбыстарын сол тілдің табиғи фонетикалық қағидаларына сәйкесті дыбыстамау, артикуляциялық заңдылықтардың орынсыз бұзылуы тұлғаны ыңғайсыз жағдайға қалдыруы, түптің түбінде адамды стресс жағдаятына тіреуі әбден мүмкін-ау! *Бұған не дерсің?! Олай болса, шешен тұлғада диалектиктің тапқырлығы, философияның ойы, ақынның тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы тиіс.* Тіпті, телефонмен де дұрыс сөйлесе білгенге не жетсін! Сөз қашанда айқын болуы тиіс, әрекет батыл болуы тиіс. Демек, *дұрыс сөйлей білу - өмірде жетістікке жетудің ең қысқа жолы. Сөйлеп тұрған адамның дауысында, көзінде, тұтас кескін-келбетінде сөз саптауынан кем түспейтін шешендік барына ой жүгірте білсек қой, шіркін!..*

Жуырда осы жоғарыда айтылған білік-дағдыларды бойға жұғысты етуге баса ақцент берілген университет профессоры, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының** шешендіктанудың қилы аспектілерін меңгертуге қатысты қос еңбегіне авторлық құқық берілді (**Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқыту әдістемесі. Әдістемелік оқу құралы. Свидетельство о внесении сведений в государственный реестр прав на объекты, охраняемые авторским правом: №67404, 12 ақпан 2026 ж.; Туындының әзірленген мерзімі: 15 қараша 2025 ж.; Қыдыршаев А.С. Іскерлік шешендіктану. Оқу құралы. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіміне мәліметтерді енгізу туралы Күәлік: №71526, 05 мамыр 2026 ж.; Туындының әзірленген мерзімі: 27 маусым 2025 ж.**)

Алғашқы «Шешендіктануды оқыту әдістемесі» оқу құралында жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша шешендіктануды оқытудың

ғылыми-әдістемелік негіздері анықталған. Еңбекте жеке адамның тілдік қатынас мүмкіндіктерінің даму үрдісінің психологиялық, дидактикалық, филологиялық аспектілері түйінделіп, жоғары оқу орнының гуманитарлық бөлімдерінде шешендіктануды оқыту әдістемесі тұңғыш рет ғылыми негізделіп, алғаш рет аталмыш пәнді оқытудың арнайы қағидаттары (принциптері) мен әдістері және жұмыс түрлері ұсынылған. Аталмыш еңбек жоғары оқу орны оқытушыларына, ғалым-зерттеушілеріне, сондай-ақ педагогикалық кадрлардың білімін көтеру жүйесі мамандарына, жалпы білім беретін орта мектеп ұстаздарына, студент қауымына арналған. Оқу құралын тарих ғылымдарының докторы, профессор Тасмағамбетов Әсет Сембайұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Ақболатов Айдарбек Ахметұлылар жоғары бағалаған.

Екінші «Іскерлік шешендіктану» атты көмекші оқу құралы бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, студенттерге және барлық деңгейдегі басшыларға арналған. Еңбекте кез келген істің нәтижелі болуы іскер маманның ақылға қонымды аргументтердің баршасын да, әсіресе, өзіндік дауыс сазы секілді ерекше мәнді құралды құбылта қолдана білуіне бірден-бір байланыстылығы баса ескерілген. Еңбек сәтті өрілген экспромт сөз арқылы мейлінше мол мөлшерде олжаға кенелу, телефон арқылы тиімді қарым-қатынас жасау, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынасты дұрыс құра білу іспетті іскери шешендіктану қағидаларының сан алуанымен таныстырады. Оқу құралының «Іскерлік шешендік табиғаты», «Афоризм – тілсіз тәлімгер» атты тарауларында «Іскерлік қарым-қатынас өдебі», «Сөз сөйлеуге даярлық – демосфендік дағды», «Іскер маманның тыңдау білігі», «Аудиториямызды тани білеміз бе?», «Іскер маманның сөйлеу мәдениеті», «Іскер маманның сөйлеу логикасы», «Шебер экспромт сөз сөйлеу білу – сәттілік көзі», «Іскер маманның сөйлеу сәті», «Бұқаралық ақпарат құралдарымен қатынасыңыз қалай?», «Телефонмен сөйлесе білеміз бе?», «Тағам үсті іскерлік қалып», «Айтар нақылы жоқтың табар ақылы жоқ», «Ақ бата – қасиетті тұмар», «Барлық жеңіс өзіңді-өзің жеңуден басталмақ», «Мадақтар болсаң, шын асылды мадақта», «Сөйлесу – бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат», «Аз сөйлер де көп тыңдар хас асылдың баласы», «Тыңдай білу – ұлылық», «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді», «Бойда қайрат, ойда көз, болмаған соң айтпа сөз», «Шешендік – ақылмен билеу өнері», «Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса», «Шаршы топта сөз бастау қиын» сияқты т.б. бөлімдер қамтылған. Оқу құралына Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, академик Серік Негимов, Евней Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, академик Жандос Смағұл, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы, академик Монтаев Сәрсембек Әлиакбарұлы өзіндік оң пікірлерін білдірген.

Даусыз, шешендік шексіз білімнен, терең ой-дан, асқан парасаттан туады. *Шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің өдемілігімен, образдарының жарқындығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тұма қасиет, сондай-ақ ескен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты туындылардың тағылым-тәрбиесі, өзіндік дүние-танымының нәтижесі.* Демек, бүгінгі жастарымыз сөз өнерін білетін шешен болуға тиіс. Қуанарлығы, жоғарғы аталған шешен сөйлеу мәдениетіне баулар еңбектердің түпкі алғы мақсаты да – осы.

Қысқасы, жастарды, ертеңгі кәсіби мамандарды, алғы кезекте келешек ритор-педагогтарды университет қабырғасында кәсіби шешен сөйлеу мәдениетіне баулу - аса ізгі іс. Осы арнада профессор **Абат Сатыбайұлын** мінсіз сөзді, кірсіз арлы ақыл иесі тұрғысында танымыз. Шешендікке баулуға, риторикалық мәдениетті жұғысты етуге арналған кесек туындыларына авторлық құқық алуын құптап, қуана қолдау білдіреміз! Сүйікті ұстазымызға қиялыңыз жетпесті көргейсіз, арманыңыз жетпесті білгейсіз, аманшылықта, саушылықта жүргейсіз демекпіз. Халқымызда «жақсы адамның жүрген жері – абат» деген түйін бар. *Ұстазымыз – атына заты сай тұлға! Құдайым Сізге мол қуат, ұзақ ғұмыр бергей!.. Мәртебеңіз қашанда жоғары, ұрпағыңыз бен шәкірттеріңіз бағалы болғай!.. Ұлыңыз отты, қызыңыз текті, бағалы, бетті болғай!.. Ойыңыз у болмағай, өміріңіз су болмағай, үмітіңіз бу болмағай!.. Еңбегіңіз жана бергей! Күндей жарқыраңыз, жұлдыздай жылтыраңыз! Күллі ісіңіз өрде болғай, алтын басыңыз төрде болғай!..*

Ермек ЖЕМЕНЕЙ,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі


Жасмин ҒАЙСА, Сабрина ЛЕПЕСОВА,

Қызғалдақ ДӘУЛЕТМҰРАТОВА,

филология факультетінің IV курс студенттері

Жанайна СЕЙІТЖАНОВА, Аружан КӨШКІМБАЕВА,

Қоғамдық даму департаментінің әдіскерлері



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАДА ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінде «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының ұйымдастыруымен 6В03210 - «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасы бойынша XVIII Республикалық пәндік олимпиада өтті.



Аталған білім бәйгесіне М.Әтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 6В03207 - «Кітапханалық-педагогикалық қызмет» білім беру бағдарламасының 2-курс студенттерінен құралған «Bibliotich» командасы қатысып, жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жүлделі III орынды иеленді.

Университет намысын қорғаған команда құрамында Мерей Бірлес, Әділет Кенжебайұлы, Сымбат Маратқызы және Танашева Гүлфая болды. Студенттер пәндік білімдері мен кәсіби дағдыларын танытып, республикалық деңгейдегі сайыста өздерінің бәсекеге қабілетті екенін дәлелдеді.

Олимпиада қорытындысы бойынша команда жетекшісі мен қатысушыларға алғыс хаттар мен сертификаттар табысталды. Студенттердің бұл жетістігі – сапалы білім мен жүйелі дайындықтың нәтижесі. Жас кітапханашылардың республикалық деңгейдегі табысы университеттің ғылыми-білім беру әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

М.А. НАСЫРОВА,

«Тіл, әдебиет және ақпарат» БББ аға оқытушысы, магистр

Инновациялық тәжірибе - сапалы білім кепілі

М.Әтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Білім берудегі инновациялық әдістеме» дәстүрлі байқауы өтті. Іс-шараның мақсаты - оқытудың заманауи технологияларын оқу үдерісіне енгізу, инновациялық педагогикалық тәжірибені тарату және мамандар даярлау сапасын арттыру.

Байқауға университеттің алты факультетінен 12 оқытушы қатысып, өздерінің тиімді әдістемелік тәжірибелері мен инновациялық тәсілдерін таныстырды. Қазылар алқасының шешімі бойынша I дәрежелі диплом физика-математика факультетінің оқытушылары А.У.Искалиева мен К.К. Нургалиеваға табысталды. II дәрежелі дипломға филология факультетінің оқытушысы Ж.Ә.Мұханбетова, III дәрежелі дипломға педагогика факультетінің оқытушысы Ж.Ж. Нәбиева ие болды.

Сондай-ақ, «ЖИ-ді үздік қолданған әдістеме» номинациясы А.М.Нургалиеваға, «Цифрлық инновация көшбасшысы» номинациясы С.С. Альмурзинаға, ал «Озық тәжірибе» номинациясы Б.М. Құсайыноваға берілді. Байқау педагогтердің кәсіби шеберлігін



арттыруға, озық тәжірибелерді насихаттауға және білім беру үдерісіне инновациялық шешімдерді кеңінен енгізуге мүмкіндік берді.

Лаура ЕРМЕКБАЕВА,

Құзиреттілік орталығының әдіскері

«КҮМІС ЖАСТЫҢ» ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Жас ұлғайған сайын білімге деген құштарлық бәсеңдейді деген түсінік бүгінде өзектілігін жоғалтып келеді. Керісінше, зейнет жасындағы азаматтардың жаңа білім мен дағдыларды игеруге деген ынтасы артып, қоғам өміріне белсенді араласуға деген талпынысы күшейіп келеді. Осындай игі мақсатты көздеген «Күміс университет» жобасы Махамбет университетінде табысты жүзеге асырылып, бір жылдық оқу кезеңін қорытындылады.



Елімізде 2021 жылдан бері қолға алынған жоба аға буын өкілдерінің өмір бойы білім алу қағидатын қолдап, олардың зияткерлік, әлеуметтік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған. Осы бастама аясында Махамбет университетінде бір жыл бойы ұйымдастырылған сабақтар мен үйірмелерге 50 жастан асқан азаматтар белсенді қатысып, өздерінің жаңа қырларын аша білді.

Жоба барысында тыңдаушылар түрлі бағыттар бойынша білім алып қана қоймай, бос уақыттарын тиімді өткізуге мүмкіндік алды. Өсіресе, үстел теннисі мен шахмат секілді зияткерлік және спорттық бағыттар қатысушылардың ерекше қызығушылығына ие болды. Университет

мамандары мен жаттықтырушыларының кәсіби қолдауы олардың білімін жетілдіріп, шеберлігін шыңдауға ықпал етті.

Қатысушылардың айтуынша, «Күміс университет» жаңа достар тауып, қызығушылықтары ортақ адамдармен пікір алмасудың тиімді алаңына айналған. Ең бастысы - жоба олардың өмірге деген белсенді көзқарасын сақтап, өз мүмкіндіктеріне деген сенімін нығайтуға сеп болды.

Бір жылға созылған жоба өз мәресіне жеткенімен, оның нәтижесі мен тағылымы қатысушылар үшін әлі де жалғасын таба бермек. Өйткені білім алуға деген ұмтылыс пен белсенді өмір салтының жасы болмайтынын «Күміс университет» тағы бір мәрте дәлелдеді.

ПРИЗЁРЫ ОЛИМПИАДЫ ПО МАРКЕТИНГУ

На днях состоялась Республиканская студенческая олимпиада по образовательной программе «Маркетинг» «SUSTAINABLE MARKETING: ENGAGEMENT & TRUST CHALLENGES» проводимой на базе НАО «Университет Нархоз», где активное участие приняли следующие студенты 4 курса ОП «Маркетинг и бизнес»:

финал прошли 10 команд, из 9 команд, наша команда из регионального ВУЗа. В ходе олимпиады студенты проделали грандиозную работу по составлению видео-визитки университета и команды, сделали проект на тему «Устойчивое развитие университета: вовлеченность и доверие студентов», где провели анкетирование среди студентов и



1. Мендыхан Д.Б.
2. Ишкулов Д.В.
3. Агабалаев Р.М.

Руководителем подготовки студентов была ОП Бизнес, управления и туризма старший преподаватель Чудрова В.У.

После первого отборочного тура в

маркетинговый анализ по тематике. Командам на РСРО был предоставлен для решения бизнес-кейс, где наши студенты активно участвовали и отличились номинацией «за развитие идей устойчивого маркетинга», в итоге заняли 3 место и награждены дипломом 3 степени.

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Әтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27ВР00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 162

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҰЗАҚОВ

ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Аяру БЕЙБІТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Қоғаммен байланыс және имидждік саясат бөлімі

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99